

ЕСЕПТЕР НҮСҚАУЛАРЫ

1-НҮСҚА

21-есеп Қытайдан өз атамекеніне оралған Сағиев Талдықорған қаласының маңындағы заря ауылына өз жанұясымен көшіп келеді. Заря ауылының әкімінен үйінің жанындағы бос жатқан жерді бағбандық жүргізу үшін беруін сұрайды. Ауыл әкімі бұл жердің аукционда сатылатындығын айтып сол жерден сатып алуына болатындығын айтады. Сағиев аукционда үйінің жанындағы 0,20 га жерді сатып алады. 2 айдан соң Заря ауылының әкімі бұл жерді қайтарып беруін талап етеді. Осыдан 9 ай бұрын бұл жерден бас тартқан меншік иесі келіп, жерін қайтарып беруін талап етіп жатыр деген негіз айтады. Сағиев Талдықорған қалалық сотына өзінің жердің меншік иесі ретіндегі құқығын қорғаудың сұрап, ауыл әкімінің бұл әрекетіне шағымданады.

- оралмандарға жер беру тәртібі
- жеке меншік құқығынан бас тартылған жердің тағдыры қандай?

8-НҮСҚА

22-есеп Шайбеков өз қажеттіліктері үшін шаруашылық құрылыс тұрғызуды шешті. Қаражаты жеткіліксіз болғандықтан, ешкімнен рұқсат алмастан көненің жиегінде өсіп тұрған орман қоры жеріне кірмейтін бірқатар ағаштарды кесіп алады.

Ауыл әкімі Шайбековтың бұл әрекетінде құқық бұзушылықтың белгісі бар деп аудандық сотқа талап арызын береді. Шайбеков келтірілген залалдың орнын толтырудан бас тартады. Сараптаманың нәтижесінде Шайбековтың келтірген зияны елеулі деп танытады.

- Бұл жерде қандай құқық бұзушылық орын алып отыр?
- Шайбековке қандай жаза қолдануы тиіс?

23-есеп. Шымкент қаласындағы Төле би аудандық сотында Ахметовтан Абеновке түскен шағым қарастырылды. Мәселе мынада... Ахметов ауыл шаруашылық жүргізу мақсаты үшін 25 га жер алды. Бұл учаскенің ортасында Сайрам су өзені өтіп тұр. Ахметов өз қаражаты есебінен сол өзеннен өтіп тұру үшін көпір салды. Жаңа салынған көпірді көрген көрші жер учаскесінің иесі кәсіпкер Абенов өз тасымалдау көлігімен сол көпірден рұқсат сұрамай күніге өтуді бастайды. Ырза болмаған Ахметов өз арызымен аудандық прокурорына келеді. Оның айтуы бойынша өзеннен өтуі үшін басқа да көпір және жақын жолдар бар. Ал Абенов рұқсат сұрамай Ахметовтың жерінен өте беріп, оның шаруашылығына, меншігіне зиян келтірген үшін айыппұл төлеуін талап етеді. Бірақ Абеновтың сөзі бойынша, өзеннен өту үшін басқа жолдар өте алыс орналасқан, ал басқа көпірлер мүлдем ескі, одан өту қауіпті. Ахметовтың көпірін сервитут ретінде қолданды деп көрсетті. Ал жақын жолдар бар екенін білмеген, өйткені жаңадан ғана бұл жерге көшкенін түсіндірді.

- Ақыры, іс сотқа жіберілді.
- Істі шешіңіз.
- Сервитуттың пайда болу негіздеріін атаңыз.

24-есеп. Асанов өзінің жұмыс істейтін жерінен қызметтік жер телімін алады. Ол жерге ауыл шаруашылық дақылдарын егеді. Оның өнімін күзде жинауы керек еді, бірақ жазда оны жұмыстан босатады да, жерді алып алады. Асановтың сотқа шағымы қалай шешіледі?

- Қызметтік жер телімінің құқықтық жағдайын анықтаңыз.

- Істі шешіңіз

9-НҰСҚА

25-есеп. Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуші ТОО “Жасыл” өзінің жерінің жанынан 10 га жерді мемлекеттен сатып алу туралы өтініш жазады. Өтінішті мемлекеттік органдар ұзақ қарайды, ал жерде дақыл егуге байланысты жұмыстардың күттірмеуі себебінен жерді ол пайдалана бастайды. Оған қарсы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалады. Неліктен, қай орган бұл істі қарайды?

- Жер учаскесін тауарлы ауыл шаруашылық жүргізу үшін берудің жалпы тәртібін анықтаңыз.

- Істі шешіңіз

26-есеп. 1994 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының “Керемет” ЖШС-ң жалпы жиналысында ЖШС жұмысшыларына шартты жер үлестерін бөлу туралы еңбек ұжымының жалпы жиналысының шешімі шығарылған болатын. Шарты жер үлесін алған жұмысшылардың бірі - Алимов болды. Алайда осындай үлеске құқығы туралы куәлікті Алимов жоғалтып алады, қайталап куәлік берілмейді, Алимовқа “бұлай тиісті емес” деп түсіндіреді.

1999 жылы, өзінің шартты жер үлесіне жеке меншік құқығын ресімдеу мақсатымен, Алимов Шет ауданының Әкіміне жер қорынан заттай жер учаскісін беру туралы өтінішпен барады. Әкім Алимовтың шартты жер үлесіне құқығы туралы куәлігінің жоқ болуына сүйеніп, өтінішті қабылдамайды. Сол жылы Алимов контракт (шарт) бойынша Ресейге 3 жылға жұмыс істеуге кетеді. 2003 жылы келіп, Алимов аудандық сотқа барады, алайда сот 3 жылдық талаптың ескеру мерзімін өткізіп алуына байланысты талапты қанағаттандырудан бас тартады.

- тиісті санаттағы даулардың соттылығы.

- Істі шешіңіз.

27-есеп Сарсенов қаладағы жер үйінің жартысын Амановқа жалға береді. Аманов жерді пайдаланып, оған дақыл егейін десе, үй иесі оған тек үйді жалға бергендігін, жерді пайдалануға рұқсат бермейтіндігін айтады. Аманов сотқа шағымдана алады ма?

- Істі шешіңіз

10-НҮСҚА

28-есеп. Ауыл шаруашылығы ұйымының қызметкері Карипбаев өзінің жер үлесін бөтен тұлғаға сатады. Басқа қатысушылары сотқа бұл шартты заңсыз деп тануы туралы арыз жазады. Сот істі қалай шешуі керек?

- Ортақ үлесертік меншіктегі жер учаскесінің құқықтық жағдайын анықтаңыз.
- Істі шешіңіз

29-есеп. Ақтөбе облысының мұнай газ басқармасы “Еңлік” кооперативінің жайылма жерлеріне мұнай өнімдерін төгеді. Өндіріс қалдықтарымен, жаңғыш – майлайтын материалдармен, химиялық ертінділерімен, ағынды сулармен ластанғандықтан, тек егістіктері ғана жойылмай, сонымен бірге кооперативтің 73 га ауылшаруашылық алқаптары жарамсыз күйге келтірілді. Облыстық сотқа жолданып, кооператив өз пайдасына “Кенкиянефть” мұнайгаз басқармасының өнімнің жойылуына және жерлердің окультурированиясы бойынша пайдаланылмаған шығындардың орның толтыруға 1810800 тенге өндіріп беруді сұрайды. Жауапкер талапты ішінара, яғни 510,5 мың тенге сома мөлшерінде ғана мойындап, және ол совхоздың нақтылы зияның / пайдаланылмаған шығынның құнын/ төлеуі керек екендігіне нұсқады, өткізіп алған пайданың /алынбаған өнімнің құнын/ жауапкер төлеуге қарсы болады.

- жерге материалдық зиянды өтеудің тәртібі және жағдайлары.
- Аталған жер құқық бұзушылығымен кооперативке келтірілген материалдық зардап қандай мөлшерде өтелуі тиіс ?

Істі шешіңіз.

30-есеп. Сакенованың жерінен оның көршісі жүріп өту үшін сервитут белгілеуі туралы шарт жасасады. Сакенова көтерген ауыртпалыққа сәйкес оған ақы төлеуге келіседі. Сакенова жерін сатып кеткен соң, көршісі сол ақыны төлеуден бас тартады, себебі ол ақыны төлеу туралы жаңа иегермен емес, Сакеновамен келісті.

- Сервитуттың пайда болу шарттарықандақ? Сервитуты қамтамасыз ету міндеті дегеніміз не?

- Іс қалай шешіледі.

11-НҮСҚА

31-есеп. Сартаев өзінің жерін мемлекеттен сатып алды. Кейін мемлекеттің қажетіне деп, ол жерді мемлекет сатып алғысы келеді. Оған берілетін ақша Сартаевтің мемлекетке берген сомасымен тең деп шешіледі. Бірақ Сартаев, ол жерді уақытша жалдауға бергендіктен, шығын көтереді. Бірақ жергілікті орган ол шағындар өтелмейді деп шешеді. Шешім заңды ма?

- Жер учаскесін мемлекеттік мұқтаждықтар үшін алып \сатып\ қоюдың тәртібі қандай? Қандай шығындар өтелуі тиіс?

- Істі шешіңіз

32–есеп. ЖШС “Әсемнің” қаладағы жер учаскесі мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алынатынын жазбаша мәлімдей отырып, мемлекеттік орган 2 ай ішінде жерді босату керектігін ескертті. ЖШС “Әсемнің” құқығы бұзылды ма?

- Жер учаскесін мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қоюдың жалпы шарттары қандай?
- Істі шешіңіз

33-Есеп. 1994 ж. Қарағанды облысының Ағадыр ауданының “Қызыл ту” совхозының ұйым мүшелеріне шартты жер үлестерін бөлу туралы еңбек ұйымының жалпы жиналысының шешімі шығарылды. Шартты үлесті алған жұмысшылардың бірі – Асанов болды. Алайда Асановқа осындай үлеске құқығы жөніндегі куәлік бланклердің болмауына байланысты берілмеген. 1996 ж. шартты жер үлестеріне құқық жөнінде куәліктердің негізінде, жер учаскелерін қайта тіркеуді жүргізгенде Асановты тиісті тізімге енгізбеген.

2003 жылы Асанов өзінің шартты жер үлесіне жеке меншік құқығын ресімдеу мақсатымен Ағадыр ауданының әкіміне жер қорынан заттай жер учаскісін бөлу туралы өтінішпен жолданады. Әкім 1996 жылы жасалған тізімде Асановтың жоқ болуына сүйеніп, өтінішті қабыл алмайды. Асанов аудандық сотқа жолданады.

- “Шартты жер үлесі” дегеніміз не, оның пайда болуы, рәсімдеу және тіркеу тәртібі;
- тиісті санаттағы даулардың соттылығы;
- істі шешіңіз.

12-НҮСҚА

34-есеп. Шаруа қожалығының мүлкін бөлу барысында әкесі және өзінің отбасымен /жұбайы және екі кішкентай балаларымен/ әке-шешесінен бөлініп, өзінің қожалығын құрғысы келетін баласы арасында дау туады. Баласы мүліктің, сонымен бірге жердің 4 үлесін беруді сұрайды. Әкесі бөлу барысында отбасының тек кәмелетке толған мүшелері ғана есепке алынады деп есептейді. Дауды шешу үшін жергілікті әкімшілікке барады.

- Шаруа қожалығының жер пайдалану құқығы.
- Шаруа /фермер/ қожалығының жер учаскісін және мүлікті бөлу тәртібі.
- Істі шешіңіз.

35-есеп. ТОО “Алаң” мемлекеттік меншіктегі қалалық жер учаскесін төлеу мерзімін ұзарту арқылы сатып алады. Төлем сомасының 1/3-і қалған кезде белгіленген мерзімде төлемді жасамайды. Сатушы шартты орындаудан бас тартып, учаскені қайтарып алады. Сатушы қай орган және оның әрекеті дұрыс па?

- Істі шешіңіз

36-есеп. Құрылыс материалдар зауыты Алматы облыстық әкімшілігіне құрылыс тастарын шығаратын карьер құрылысы үшін “Достық” ауылшаруашылық кооперативінің жерін бөліп беру туралы өтінішпен жолданады.

Кооператив, мұндай бөліп беруге қарсылық білдіріп, бұл ауылшаруашылығы үшін қажетті жер алқаптарының үлкен шығынына алып келетінін мәлімдейді, және ауыл шаруашылығы үшін аз зиян келтірумен байланысты, жерді бөліп берудің өз вариантын ұсынды.

Зауыт әкімшілігі кооператив ұсынысымен келіспеді, өйткені оның орындалуы сапасы нашар құрылыс тастарының кен орнын пайдалануға алып келетін еді. Облыстық әкімшілік зауыт пікірімен келіседі.

- Жерлерді пайдалану және қорғау кезінде күші бар, құқықтық артықшылықтар.

- Істі шешіңіз.

13-НҮСҚА

37-есеп. 1998 жылы “Атасу” шаруа қожалығы жайылымға 5 жыл мерзімге уақытша ақысыз жер пайдалануға 8 гектар көлемінде жер учаскесін алады. 2003 жылы тамызда шарттың мерзімі бітеді, алайда жер пайдаланушы жер учаскесін пайдалануды жүргізе берді. Бақылаушы органдардың ескетрулеріне шаруа қожалығының басшысы, жер пайдалану құқығын тоқтату туралы ресми хабарландыру алғанға дейін жерді пайдалануға құқығы бар екендігін айтады. Солтүстік–Қазақстан облысының Жамбыл ауданының Әкімі түсіндірме үшін аудандық сотқа жолданады.

- Қысқа мерзімді жер пайдалануды жүзеге асыру тәртібі және жағдайлары.

- Жер қатынастарын реттеу саласындағы аудандық атқару органдарының уәкілеттілігі.

- Істі шешіңіз.

38-есеп. 2001 жылы “Жалғас” шаруа қожалығының басшысы А.Казиевтің қайтыс болуына байланысты Қарағанды облысы Жамбыл ауданының әкімі шаруа қожалығын толық құқық мирасқорлық тәртібімен оның жұбайы, Е.Казиеваға беру туралы шешім қабылдайды. 2003 ж. Е.Казиева шаруа қожалығын – сатпақшы болады, алайда 2001 жылы мұраны алу құқығының тәртібі бұзылғандықтан, мәмілені рәсімдеуден бас тартылды (қабылданбады). Сот аудан әкімінің шешімін жарамсыз деп тапты.

Казиева Е. Қарағанды облыстық сотына жолданады:

- толық құқық мирасқорлық тәртібінде жер учаскесіне құқықтың өту тәртібі қандай ?

- Қарағанды облысы Жамбыл аудандық сотының әрекеті заңды ма ?

- істі шешіңіз.

39-есеп. Аудан әкімшілігінің шешімі негізінде аудан орталығын ұлғайту үшін кооперативтің 21 га жыртылған жері алынды. Кооператив председателі облыстық әкімшіліктің шешімін алғанға дейін көрсетілген жерлерді алуға және салуға қарсылық білдіреді. Бірақ оған аудан әкімшілігі құрылыс жүргізуге кедергі келтірмеуін, ауданды ұлғайту бекітілген жоспар бойынша жүргізіліп жатқандығы және қажетті құжаттардың

болатындағы туралы ескерткен болатын. Аудан орталығы ұлғайту үшін кооператив жерін алу жөнінде үзімді-кесілді шешім аудан әкімшілігінен тек жарты жыл өткеннен соң келеді. Кооператив председателі алдын-ала алынған жерлерден жарты жыл ішінде кооператив 2 рет өнім алу мүмкіндігінің бар екенін есептеді, және колхоз жерлерін алу шын мәнісінде заңсыз деп көрсетті. Ол сотқа жолданады.

- Кооператив шығынның орнын толтыруды талап ете алама, және кімнен?
- мемлекеттік және қоғамдық қажеттер үшін жер пайдаланушылардан және жерге жеке меншік иелерінен жерлерді алу тәртібі.
- Істі шешіңіз.

14-НҮСҚА

40-есеп. “Новая заря” Кооперативі “Мыс” зауытына, зауытпен өз еркімен басып алынған, және учаскесінің аумағынан 3 жыл бойы зауыттың қосымша шаруашылығымен жиналған, картоп өнімінің құнын өндіріп беру туралы сотқа талап арыз береді. Жауапкер зауытпен өз еркімен басып алынған бұл жерлердің кооперативпен ешқашан бапталмаған және қазіргі уақытта шаруашылыққа қандай бір зиян келтірілмей қайтарылғанын айтып, талапты мойындамайды.

- жерлерді өз еркімен басып алудың құқықтық салдары.
- Істі шешіңіз.

41-есеп. Солтүстік – Қазақстан облысы Совет ауданының әкімі 2004 жылдың 15 маусымда жер учаскілерінің мақсаты бойынша пайдаланылмауына байланысты “Ажар” және “Восток” шаруа қожалықтарының жерлерін 1 жыл мерзімге, уақытша алу және оны Акционерлік қоғамға беру туралы шешім шығарды.

Шаруа қожалықтары түсініктеме үшін адвокатқа өтінішпен барды.

-мақсаты бойынша пайдаланылмай жатқан жер учаскілерін алып қою тәртібі және жағдайлары /шарттары/.

-жер қатынастарын реттеу саласында аудандық атқарушы органның уәкілеттігі.

-істі шешіңіз.

42-есеп. Солтүстік Қазақстан облысының Есіл аудандық сотына “Хлебстроймонтаж” ЖШС-не өз еркімен басып алған учаскені қайтару туралы Буяновскийдан талап арыз түскен.

Сотпен анықтағандай, 2000 жылы Буяновскийге шаруа қожалығын жүргізу үшін тұрақты жер пайдалануға жер учаскесі берілген. 2003 ж. мамыр айында Буяновскийдің жер учаскесінің бір бөлігі /140га/ оның келісімімен “Хлебстроймонтаж” ЖШС-не уақытша пайдалануға берілген, “Хлебстроймонтаж” ЖШС жерге құқық беретін құжаттарды ресми куәландырмай егін егу жұмыстарын бастаған, “Хлебстроймонтаж” ЖШС-ң уақытша жер пайдалануға құқығы толығымен 7 қыркүйек 2003 ж. тіркелген. Буяновский сотта оның жер учаскесін өз бетінше басып алған үшін және өзінің 140 га жерінен егін егіп пайда ала алмағаны үшін 749700 тг. шығынның орнын толтыруды талап еткен. Жауапкер жер учаскесін пайдалануға беру туралы әкімнің шешім шығарғанын негізге алып және маусымдық мерзімнің келуіне байланысты егін ору уақытысы басталған соң жер учаскесі құжаттарының толық рәсімделуін күтпеген.

- жер учаскесіне құқықты рәсімдеудің тәртібі мен шарттары.
- Жерді өз бетінше басып алудың құқықтық салдары.
- істі шешіңіз.

15-НҮСҚА

43-есеп. Кооперативтің территориясы бойынша өтетін өзеннің жаға белдеуінде өзен – параход шаруашылығы уақытша қысқы үйлерді тұрғызады, салдар (плод) мен кемелердің апаттарымен байланысты жөндеу жұмыстарын ұйымдастырады. Кооператив басқармасы жерлерді өз еркімен басып алуды және жаға белдеуінде өз еркімен құрылыс жүргізуді тоқтатуды, талап етеді. Параход шаруашылығы жаға белдеуі кооперативтің жер пайдалануынан тыс жатқанына нұсқап, кооперативтің талабын қабыл алмайды.

- көлік жерлерінің құқықтық режимі.
- жаға белдеуінің құқықтық режимі.
- Істі шешіңіз.

44-есеп. Солтүстік Қазақстан облысы Әуекөл аудандық сотына Чкалов көшесінің тұрғындарынан /барлығы 11 фамилия/ Петроваға қарсы талап-арыз түсті.

Сотпен мына жағдайлар анықталған, Петрова өзінің үйі мен Караевтің көрші жер учаскесінің арасындағы, учаскелердің арасынан өтетін жол ретінде пайдаланылып жүрген жер учаскесін қоршаумен қоршап алған. Петрованың мәлімдеуі бойынша, 1996 ж. алынған өмір бойы мұрагерлікпен жер пайдалану құқығына берілген мемлекеттік акт бойынша ол 9 соток жерді иелену керек, бірақ сол жерде жол болғандықтан ол тек 7 соток жерді пайдаланған. “Әуекөл” ауылының техникалық жер планында Петрова мен Караевтің жер учаскелерінің арасында ортақ пайдаланудағы жер көрсетілген.

Сот, талап –арызды қанағаттандырып, Петрова мен Караевтің жер учаскелерінің арасынан өтетін сервитут белгілеген. Петрова прокуратураға шағым берді.

- “Жер пайдалануға кедергі келтіру” түсінігі, құқықтық салдары.
- Сервитуттың түсінігі және түрлері, оларды бекіту тәртібі.
- Істі шешіңіз.

45-есеп. 2003 ж. ақпан айында “Амангельді” ЖШС-і “Ерназар” кооперативіне ауданы 1000 га жер учаскесін жолдау шарты бойынша пайдалану құқығын берді. 2003 ж. шілде айында “Амангельді” ЖШС-ң сол кезде басшы “Нива” ЖШС-не “Амангельді” ЖШС-ң 3000 га жерін беру туралы шарт жасасқан, ол жердің көлеміне алдындағы “Ерназар” кооперативіне жалға берген 1000 га жер де кірген. Солтүстік – Қазақстан облысының Ұзынкөл аудандық шаруашылық комитеті “Амангельді” және “Нива” арасындағы мәмілені заңды деп тіркеген, өйткені жер нақты анықталған және белгілі аймақта белгіленген, “Ерназар” кооперативімен жасаған шартта жердің бөлінуі формальды тек “қағаз бетінде ғана” болған. “Ерназар” кооперативі сотқа талап арыз берді.

- жер учаскесі және оған деген құқықтарды жолдау тәртібі мен талаптары.
- Жер учаскесіне құқықтарды рәсімдеу, жер учаскесіне құқықтардың пайда болу сәттері.
- істі шешіңіз.

16-НҰСҚА

46-есеп. “Автодор” ондірістік қауымдастығының ДРСУ-і кооператив жерлерінен өтетін облыстық маңызы бар жол учаскесіне жөндеу жұмыстарын жүргізген. Құрылысшылар жөндеу кезінде айналып өтетін жол салмағандықтан, сол жерден өтетін көліктер кооперативінің жерінен өтуге мәжбүр болған. Соның салдарынан 1,5 гектар жердегі егін жойылған, топырақтың құнарлы қабаты бұзылған, оларды қалпына келтіруге шығындарды талап ететін көліктердің терең іздері пайда болған. ДРСУ мәлімдеуі бойынша жерді жүріп өткен көлік бүлдірген, және ДРСУ оған жауапты емес.

- Жер туралы заңдылық бұзылған жағдайда жерге меншік иесі және жер пайдаланушыға келтірілген шығынның орнын толтыру жағдайлары мен тәртібі.
- істі шешіңіз.

47-есеп. 1998 жылы Палеев Шығыс Қазақстан облысының Берестов ауданының “Заря” кооперативіне малшы ретінде жұмысқа алынды. Кооператив төрағасының бұйрығымен оған 0,3 га көлемінде жер учаскесі бөлініп берілген болатын. Осы жылы өз еркімен үй жанындағы учаскеге 0,25 га кооператив жерлерді қосып алып, жылдан жылға жеміс жидектерді сату үшін өндейді және өсірді. 2000, 2001, 2002 жылдары кооператив төрағасы жазбаша түрде Палеевке заңсыз жерлерді пайдаланғаны үшін ескетті және артық жерлерді кесіп алды, 0,25 га учаскесін пайдалануға рұқсат бермеді. 2003 жылы көктемде Палеев қайтадан ескертілген болатын, бірақ та ол қайтадан жер учаскесін егіп тастады. Осыдан кейін өз еркімен жерді иемдеп алғаны үшін материалдарды аудан прокуратурасына Палеевті жауапкершілікке тарту үшін өткізілген. Аудан прокуроры Палеевке өсірілген астықты өтеу жөнінде талап арыз жолдады.

- өз еркімен жерлерді иемдеп алудың құқықтық салдары.
- Жер пайдаланушы мен жер меншік иелерінің шығындарды өтеу тәртібі және жағдайы.
- Істі шешіңіз.

48-есеп. Иримова Солтүстік Қазақстан облысының Қарасу аудандақ сотына “Барвинское” ЖШС-не қарсы өз еркімен басып алынған жер учаскесін қайтару және шығынның орнын толтыру туралы талап арызбен жолданған.

Сотпен анықтағандай, Иримова 2003 ж. маусым айында шаруа қожалығын жүргізу үшін 237 гектар жер алған. Сол кезде жер учаскесіне “Барвинское” ЖШС-ң егіні егілген болатын, ЖШС бұл жер учаскесін 1997 ж. бастап аудан әкімінің ауызша рұқсаты бойынша пайдаланып келген. Иримова 102,4 тонна бидай; 1,2 млн теңге алынбаған табыстың қайтарылуын және 300000 тг. моральдық зиянның өтелуін талап еткен.

- Жер учаскесіне құқықша рәсімдеу тәртібі және шарттары.
- Жерді өз бетімен басып алудың құқықтық салдары.
- Істі шешіңіз.

17-НҮСҚА

49-есеп. Каменка ауылының тұрғыны Кунаев Талғар аудандық әкімшілігіне жер иеленуші Ганинге шаралар қолдануды сұрап өтінішпен жолданған. Оның учаскесінің шекарасында отырғызылған емен ағаштарының биіктігі көрші Кунаевтің учаскесіне күн сәулесін түсірмей, ауылшаруашылық өнімдерінің өсуіне кедергі келтірген. Әкімшілік қызметкері өтініш берушіге үй маңайындағы жер учаскесіне оның иесі не егіп, не отырғызатынын өзі шешеді деп жауап берген, Кунаев аудандық прокуратураға жолданған.

- Жер иеленушілер және жер пайдаланушыларының құқықтары мен міндеттері.
- “Жерді пайдалануға келтірілген кедергілер” түсінігі, құқықтық салдары.
- Істі шешіңіз.

50-есеп. Қаладағы көп пәтерлі көп қабатты үйдің 1-ші этажында жиһаз дүкенін орналастыру үшін үлкен пәтер сатып алынды. Ол дүкенге жүріп өтетін жолды қамтамасыз ету үшін тас жол жасады, ол жолдың шектеріндегі тұрғындардың өсірген гүлдерін алып тастап, орнына газон отырғызды. Тұрғындардың құқықтары бұзылды ма?

- Істі шешіңіз

51-есеп. Аудандық әкімшілік “Вперед” кооперативінің 12 га жайылымдық жерін аудандық мекеме және кәсіпорындардың қызметкерлері мен жұмысшыларына арналған ұжымдық бақыттар отырғызу үшін бөліп беру туралы шешім шығарылды.

Кооперативтің төрағасы кооператив жерін алу үшін колхоздың жалпы жиналысының келісімі талап етіледі деген негізге сүйеніп шешімді орындайдан бас тартты. Бұл мәселе

кооперативпен келісілмеген, сонымен қатар бақтардың және бақшалардың орналасу планы да колхоздың басқару органдармен келісілмеген.

Кооперативтің басқарушы органдары облыстық әкімшілікке шешімге байланысты шағым берді, және аудан орталығына жақын жерде ағаштары жоқ бос жерлер, ағаштары кесілген мемлекеттік орман қорының жерлері бар, оларды тазалап орнына бақтарды орналастыруға болатындығын көрсеткен.

- Ұжымдық бау-бақша жерлерінің құқықтық режимі;
- Орман қоры жерлерінің құқықтық режимі;
- Істі шешіңіз.

18-НҮСҚА

52-есеп. Оңтүстік Қазақстан облысының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі облыстық басқармасы облыстық сотқа “Шнос” АҚ – на қарсы қоғамды пайдалану нәтижесінде оның манындағы “Ақ дала” ЖШС-ның 22 га жерін дегредациялау және сортаң жерлерге айналдыруына байланысты 2456584 тенге мөлшерде келтірілген шығынның орнын толтыру туралы талап-арыз берген.

Сотпен анықталғандай, тоған пайдалануға 1980 жылдың желтоқсан айында берілген. 2003 жылдың шілде айында талапкердің сұрауы байынша тоған манындағы жерлерге комиссиялық тексеру жүргізілген, оның нәтижесінде “Ақ дала” ЖШС-ның жайылымдылық жерлерінде топырақ қабатының тұздану және сортаңдану процесі жүріп жатқаны анықталған. Топырақ қабатының бүліну себебі, 25 жыл бойы тоған суын парықсыз пайдалану нәтижесінде жер асты суларынан тұз топырақ қабатына жиналған. Жауапкер сотта талап-арызды ішінара мойындады да, 1998 жылға дейін кетірілген шығынның орнын толтырмайтындығын айтты.

- Жерді қорғауға байланысты жер пайдаланудың міндеттері.
- Жерге келтірілген зиянның орнын толтырудың шарттары мен тәртібі.
- Істі шешіңіз.

53-есеп. Пулиев ауылдық жердегі жер үйді мұраға алды. Мұраға құқық туралы куәлікті алғаннан кейін ол кооператив төрағасынан оған үй манындағы 0,06 га жер учаскесін бекітуді сұраған. Төраға мынандай талаптар қояды: кооперативке жұмысқа орналасу, сонда жер учаскесін беру туралы мәселе шешіледі, одан бас тартса үй сатылады немесе бұзылады. Пулиев сотқа шағымданды.

- жерге меншік құқығының пайда болу шарттары және тәртібі.
- Жер учаскесін мұраға алу тәртібі.
- Істі шешіңіз.

54-есеп. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының “Ақ мойын” ауылының тұрғындары /барлығы 59 адам/ аудандық сотқа “АГРО” кооперативіне қарсы бірнеше шаруа қожалықтарын құру үшін жер үлесін беру туралы талап-арызбен жүгінді.

Сотпен анықталғандай, талапкерлердің жер үлестурін беру туралы талаптары шаруа қожалықтары құрумен байланысты емес, өйткені талапкерлердің барлығы зейнеткерлік жаста / 60-90 жас/ және жас мөлшерімен денсаулығына байланысты өз бетінше жерді өңдеу мен шаруа қожалығын жүргізе алмайды. Талапкерлер шаруа қожалығын жүргізу үшін жер учаскесін бөліп беру туралы арыз тек жерді алудың әдісі ретінде пайдаланылғанын атыққан.

Негізінен, зейнеткерлер кейін дивиденттер алу ішін өз мүліктік және жер пайларын біріктіру арқылы жаңа кәсіпорын құру мақсатты көздеген.

- шартты жер үлесін бөліп берудің шарттары және тәртібі.
- Шаруа /фермер/ қожалағын құру тәртібі.
- Істі шешіңіз.

19-НҮСҚА

55-есеп. Тараз қаласындағы Сулеманов көшешіндегі бес қабатты ғимарат “Сауда - өндірістік ұйымы” ЖШС-не тиесілі, 1997 жылдың сәуір және желтоқсан айында ғимараттың төртінші және бесінші қабатын меншік иесі алғашында жалға алушы ретінде болған “ЭЛТЕКС” жеке кәсіпкерлігі сатып жіберген. Әртүрлі қабаттардың меншік иесі ретіндегі тараптар коммуникация, аула, манындағы аумақ, жалпы пайдаланудағы жерлерге және т.б. кондоминиум құқығы туралы келісімге тұрған. Бірақ “Сауда - өндірістік ұйымы” ЖШС тұрақты түрде көршісінің құқығын бұзып отырды: аула және маңындағы аумақты түгелмен өзінің көліктерімен пайдаланған, өз бетінше аулада 2 гараж салды, подвалдың бір бөлігін нотариалдық кенсе құру үшін жалға берді, үйдің фасад ауданының бір бөлігін жарнама үшін жалға берді.

“ЭЛТЕКС” жеке кәсіпкерлігі сотқа жолданды.

- кондоминиум жылжымайтын мүлікке ерекше меншік құқығының нысаны ретінде.
- кондоминиум қатысушыларының құқықтары мен міндеттері.
- Істі шешіңіз.

56-есеп. Алматы облыстық әкімшілік Карабұлақ ауданының “Қайнар” кооперативінің жерінен, ауылшаруашылық мақсатында пайдаланылмайтын, ұжымдық бақшалыққа ЖБИ заводына 50 га жер берді. Ауданның және кооперативтің басшыларының дұрыс қадағаламау салдарына, жұмысшылар заңды бөлініп берілген жерге тағы кооперативтің 50 га жер учаскесін қосып алған. Кооперативтің жерінде “Сары-арқа” және “Красилово” саяжай ауылдары құрылған.

Тергеу органдарына “Қайнар” кооперативінің жерді өз бетімен басып алу туралы материалдар түскен.

- жерді өз бетінше басып алудың құқықтық салдары.
- Ұжымдық бақшалыққа берілген жерлердің құқықтық режимі.
- Істі шешіңіз.

57-есеп. Жол құрылыс ұйымы автомобиль жолын салған. Жол құрылыс ұйымына жол бетін көтеру және өндірістік жұмыс жүргізу үшін уақытша пайдалануға шаруа қожалықтары және кооперативтердің 10 га жері бөлініп берілген. Жол жұмыстары аяқталғаннан кейін Жол құрылыс ұйымы уақытша пайдалануға алған 5 га жердің рекультивация үшін топырақ қабатын алып тастамаған. Сонымен қатар, жақын орналасқан жер учаскелерінің құнарлы топырақ қабатына зиян келтірілген. Жердің құнарлы қабатын қалпына келтіру үшін басқа жерден грунт және торф алып келу керек, жерді қосымша құнарландыру керек.

- автомобиль көлігі жерлерінің құқықтық режимі.
- Жердің рекультивациясын және құнарлы қабатын сақтау міндетті.
- Істі шешіңіз.

20-НҮСҚА

58-есеп. А.Тугалов Асыкат аудандық сотына “Мақсат” өндірістік кооперативінің заңсыз жер учаскесін иемденгені үшін талап арызбен жолданды.

Сотпен анықталынды, 2003 жылы сәуір айында дауласып жатқан жер учаскісі А.Тугаловке және оның жанұя мүшелеріне “Мақсат” кооперативінен шығуына байланысты

жер үлесі ретінде бөлініп берілген. Участке күздік егістермен егіліп қойған екен. Кооператив Тугаловты күздік егістердің бағасын толық өтемегенше жерді өндеуге рұқсат бермеді. Тугалов шығынды өтеуден бас тартты, өткені ол егістіктен бос учаскені бөліп беруді сұрады, сол учаскені өзі өңдеп және осы көктемде егіп қояр еді. Тугалов сотқа жүгінді.

-шартты жер үлесінің түсінігі, табиғи түрде бөлу тәртібі.

-шығындарды өтеудің түсінігі және тәртібі, қандай жағдайда алынбай қалған табыс өтеледі ?

-істі шешіңіздер.

59-есеп Е.Искаков Көкшетау қаласының қала әкімшілігіне жер учаскесін пайдаланудағы кедергілерді жою туралы сотқа талап арызбен жолданды.

Сотпен анықталынды, Е.Искаков өзінің апкесінен Көкшетау қаласы Сакко және Ванцетти көшесіндегі № 69 үйді мұраға алды. 1999 жылы Жезказған қаласында тұратын өзінің баласы С.Искаковке үйді сыйлады. Ескіруіне байланысты үй бұзылынып алынды, жаңа үйдің құрылыстары және құрылыс материалдар кіргізілінді. Барық та 4 мамыр 2003 жылы қала әкімшілігінің шешімімен жер учаскесі ретінде Касенов азаматқа ұсынылып берілген.

-Жер учаскесін иесіз деп танудың тәртібі.

-істі шешіңіздер.

60-есеп. Батыс Қазақстан облысының Шортандық аудандық сотына Кривец “Пригородный” кооперативке өзіне тиісті жер үлесін бөліп беру жөнінде талап арызбен шағымданды.

Сотпен анықталынды, “Пригородный” кооперативі “Красный гигант” совхозының жекешелендіруіне байланысты 1994 жылы ұйымдастырылды. Кривец совхозында 1962

жылдан бастап жұмыс істеді. Сот Кривецтің талап арызынан бас тартты, шешімді

келесідей ұсынысты талапкер қазіргі уақытта кооперативтің мүшесі болып табылмайды .

Кооперативте контракт бойынша жұмыс істемейді және жалпы “Красный гигант”

совхозының жекешелендіруге дейін бір жыл бұрын зейнет жасы бойынша зейнетке

шығып кетті. Кривец шешімді облыстық сотқа шағымдады.

- Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарды жекешелендіру кезінде шартты жер үлесін бөліп берудің тәртібі, жағдайы.

- Шартты жер үлесінің иемденушілердің құқықтары мен міндеттері.

- Істі шешіңіздер.

21-НҮСҚА

61-есеп. Кооператив жерінен өтетін электрлік беріліс желісінде қатты желдің нәтижесінде желісі үзіліп, тірегі сындырылып аварияға ұшырыды. Авариядан кейінгі зардаптарды жою кезінде және машиналармен электрлік беріліс желілерін қалыпына келтіру, аудандық электрлік жүйесінің механизмдерінің 3 га піспеген бидай өнімі жойылды.

Кооператив электр жүйесінің басқармасына талап арыз хатын жолдады, жойылған өнімнің (бидай, сабан) жоспары өнімнің нарық бағасына сәйкес толық көлемінде өтеу туралы. Басқарма шығынды өтеуден бас тартты, егіс даласында жүргізілген жұмыстар апат жағдайымен байланысты авария болды және бұл жауапкершіліктен босатады. Кооператив сотқа талап арызбен шағымданды.

- Жер пайдаланушыларға зиянды өтеудің тәртібі мен жағдайы.
- Электр жүйесі басқармасы жағынан жер заңдарының бұзылуы болды ма ?
- Істі шешіңіздер.

62-есеп. Қарағанды облысының Шет ауданының сотына шаруа қожалығы “Ермек” “МИД” ЖШС-ке талап арызбен шағымданды.

Сотпен анықталынды, ЖШС “МИД” шаруа қожалығының ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығындағы жерлерде, олардың келісімінсіз өзінің өндірістік құрылыстарға электірлік беріліс желелерін созып алды. Орнатылған желелері “Ермек” шаруа қожалығына жер пайдалану құқығына кедергі келтірді, жерлердің астынан жүре алмайтын жағдайға жеткізді.

- Электірлік беріліс желелер жерлерінің құқықтық режимі.
- Сервитутты орнатудың тәртібі және жағдайы.
- Істі шешіңіздер.

63-есеп. Алимов азамат қалада тұратын және жұмыс істейтін саяжай ретінде пайдалануға ауылдан Аманов азаматтын тұратын үйінің жартысын меншік құқығы негізінде сатып алды.

Ауданның әкімшілігінде мәмле тіркелінген. Бірақ үйдің иесі Аманов үй жаңындағы учаскені пайдалануға рұхсат бермеді, себебі белгіленген көлемде учаске кооперативте жұмыс істегені үшін бөлініп берілген, оның территориясында тұрғын үй орналасқан.

Алимов сотқа талап арызбен жолықты, ол жерде құрылыстың ортақ иесі болғандықтан үй жаңындағы учаскенің жартысын пайдалануға құқығын орнату жөнінде талап етті.

- Жеке үй ортақ иелерінің жерге құқығы.
- Осы дау қандай ведомствоға қарасты ?
- Істі шешіңіздер.

22-НҮСҚА

64-есеп. Ельцовка поселкенің әкімшілігі Шығыс-Қазақстан облысының сотына Крымованы оған тиесілі үйінен шығару туралы талап арызбен жолықты. Крымованың үйі бұзылуға тиісті өйткені жер учаскесі жалпы пайдалануға арналған жолды салу үшін алып қоюға жатқызылды. Крымова талапты мойындамады, оған әкімшіліктің ұсынып отырған жер учаскесінің /поселкенің шетінде/ орналасқан жер қолайсыз және кері талап қойды оған жер учаскесін поселкені орталығына беру туралы.

- мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қою тәртібі.
- Мемлекет мұқтажы үшін тұрғын үй құрылысын алып қою бойынша шығындарды өтеу тәртібі.
- Істі шешіңіз.

65-есеп. “Рассвет” және “Жаңа жол” кооперативтердің жерлерінің бөлігі тау-кен кәсіпорынға пайдалы қазбаларды өңдеу үшін уақытша пайдалануға берілген. Осы пайдаланған жердің учаскелері ауыл шаруашылық мақсатта пайдалану жағдайына келтірілмегені үшін кооперативтер аудандық әкімшілікке арызбен жолықты.

- тау-кен кәсіпорындарына кен қазып шығаруға уақытша пайдалануға берілген жерлерді қорғау бойынша міндеттері.
- Табиғи ресурстардың шығының орнына келтіру және жерлерді рекультивация бойынша міндеттерді орындамағаны үшін заңи жауапкершілік шаралары.
- Пайдалынатын жерлерге шығындарды орнына келтіру әдістері қандай орынға ие жерлерді рекультивация бойынша міндеттерді орындамауға байланысты.

66-есеп. Тас көмірді шығару көлемін кеңейту бойынша Испат Кармет көмір қабатының директоры шаруа қожалығының 5 га. жерін игеру жөнінде нұсқау берді. Шаруа қожалығының басшысы аудандық әкімшілікке арызбен жолықты. Түсініктемеге шақырылған директор мәлімдеді облыстық әкімшілік осы жер учаскені бөліп беру жөніндегі өтінішті қанағаттандырғаны жөнінде айтты. Шаруа қожалығының басшысы санайды, жаңа жер пайдаланушыда жер пайдалану құқығы шаруа қожалығына келтірілген зиян және шығындарын өтеп болғаннан кейін ғана пайда болады.

- жерді алып қою бойынша шығындарды өтеу тәртібі.
- Қандай сәттен бастап жер пайдаланушының құқығы пайда болады жерді алып қойған және берілген уақытта ?
- Істі шешіңіз.

23-НҮСҚА

67-есеп. Қаланы салу бас жоспары бойынша “Отан” кооперативінің жерлері қаланың шекара төнірегінде болып шықты.

Қала әкімшілігі ашық жерге жеміс-жидек дақылдарын өсіруге арналған суарылатын көлемді қысқарту жөнінде кооперативтің басқармасына мәселе қойды. Сонымен бірге қоғамдық жерлерді азайтумен қатар қала құрылысын салу мақсаты үшін кооператив мүшелерінің үй жанындағы учаскелерін қысқарту жөнінде нұсқау берілген. Кооперативтің басқармасы қала әкімшілігінің нұсқауын орындаудан бас тартты және облыстық әкімшілікке арызбен жолықты.

- жер дауларын шешу тәртібі.
- Жер қатынасын реттеуіндегі қала әкімшілігінің қызметі ?
- Істі шешіңіз.

68-есеп. Мемлекеттік органдардың шешімімен “Улан” кооперативінің жерінен 15 га “Автодизель” заводының филиалының өндірістік корпустарды салу үшін; 6 га – заводтың көмекші объектілердің құрылысы үшін; 5 га – мектепті, мәдениет үйін, спорттық кешенді салу үшін алынды, барлығы 26 га.

Аудан әкімшілігінен құрылған бағалау комиссиясы шығының мөлшерін анықтады. Жерді алып қоюмен 30В)155 тенге көлемінде, сонымен келтірілген шығынның бағасы 10А)120 тенге, ауыл шаруашылық өндірісін жоғалту бағасы – 20А)035 тенге.

Кооперативтің басқармасы мұндай ауыл шаруашылық өндірісінің шығының бағасының бағалауымен келіспеді және сотқа талап арызбен жолықты. Талап арыз бойынша ауыл шаруашылық өндірісінің шығындарының бағасын заводтан кооператив пайдасына барлық алынған жер көлемін есепке ала отырып ауыл шаруашылық дақылдарының орташа өнімділігімен осы көлемдегі соңғы 3 жыл бойынша өндіру жөнінде талап етті.

- жер пайдаланушылармен жер иеленушілердің, ауыл шаруашылық өндірісінің шығындарының өтеу тәртібі және жағдайы.
- Істі шешіңіз.

69-есеп. Ауылшаруашылығының председатели аудан арқылы өтетін, әдетте, бос жатқан және шөп басып кеткен, темір жол және көлік жолдары үшін бөлінген алқаптарға ауылшаруашылық дақылдарын егу үшін жерлерді пайдалану жөніндегі мәселені аудан әкімшілігі алдында көтерді.

- көлік жерлерінің құқықтық режимі.

-аталған жерлерді ауылшаруашылық кооперативтеріне пайдалануға беру туралы шешімді кім, қандай билік органы немесе басқару органы шығаруға құқығы бар және қандай мерзімге?

-Істі шешіңіз.

24-НҮСҚА

70-есеп. Жемді дайындау бойынша жоспарды орындау үшін Ауылшаруашылық министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің өтініші бойынша олардың қарамағында орналасқан “Алматылық” мемлекеттік табиғи қорығында жергілікті шаруашылықтарға ауылшаруашылық кооперативтерге шаруа /фермер/ қожалықтарға оның территориясында пияз алымын жүргізуге рұхсат берді.

Пішен шабуымен қорық комплексінің табиғи режимі өрескел бұзылып, өсімдік және жануарлар әлемінің жойылуымен 900 мың тенге мөлшерінде материалдық шығын келтірілді.

- қорық жерлерінің құқықтық режимі.
- Келтірілген шығынның өтеу нысанын анықтаныз.
- Істі шешіңіз.

71-есеп. Аудан әкімшілігінің басшысы бір жиналыста ауыл әкімшілігінің басшыларымен шаруашылықтардың жетекшілеріне ауданда иелері белгісіз бос үйлер көп деп айтты. Үйлер бұзылып жатыр, учаскелер арам шөптермен өсіп жатыр, ал осындай жерлерде осындай жағдайды жою жөнінде ешқандай әрекеттер жүргізілінбейді, оның ұсынысы бойынша барлық жаққа хабарлап, егер үш ай ішінде бос үйлердің иелері табылмаса және олардың тағдырын анықтамаса /сатып алынбаса, бұзып тасталмаса, адам тұрғызбаса/ онда құрылыстар мен жер учаскелері мемлекет кірісіне беріледі.

- мүлік пен жер учаскені иесіз деп танудың тәртібі.
- Жер қатынастарын реттеудегі аудан әкімшіліктердің құзыреті.
- Істі шешіңіз.

72-есеп. “Мир” кооперативінің жарғысында мынандай норма көрсетілген, онда “меншік иесіне келтірген зиян үшін, әрбір кооператив мүшелері 2-есе мөлшерде келтірген зиянын өтейді, ал жалдамалы жұмысшылар толық материалдық (мүліктік) жауаптылыққа тартылады”.

- Мұндай норманы енгізу заңды ма?
- Кооператив мүшелері мен жолдамалы жұмысшылардың материалдық жауаптылығына сипаттама беріңіз.

25-НҮСҚА

73-есеп. Шаруа қожалығының басшысы, агроөндірістік кешен банкінің басшысына 100 мың теңге көлемінде несие беруін сұрайды, ал кепіл ретінде ол өзінің жер пайдалану құқығын қоятынын айтады (10 гектар). Жерді кепілге қоюға болмайды деп банк басшысы өтінішті қанағаттандырмайды.

- Істі шешіңіз.
- Шаруа қожалықтарының жерді кепілге беруінің жағдайлары мен ерекшелігіне сипаттама беріңіз.
- Кепіл ұстаушыға кепіл беруші бұл жағдайда қандай құжаттар ұсынуы керек.

74-есеп. Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешіміне сәйкес, “Іле” мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорынының жерінен, “Керамик” заводының өндірістік объектісінің құрылысын салу үшін 60 гектар ауылшаруашылық жері алынды. Оның 30 гектары заводтың өндірістік корпусының құрылысына, 10 гектары көмекші жұмыстарды (қызметтерді) орындауға, 5 гектары мектеп, мәдениет үйі құрылысы үшін жер алынған.

Бағалау комиссиясы мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорынына келген зиянды 300110 теңге көлемінде анықтап, оның 110120 теңгесі шаруашылыққа келтірілген зиян, ал 220.000 теңгесі ауылшаруашылық өндірісінің шығыны. Кәсіпорын басшылары бұндай шешіммен келіспей, талап арызбен сотқа жолданды. Онда мынадай талаптар қойды: 1) Кәсіпорынды құрумен және өсімдіктерді отырғызу бағасын анықтауды қайта қарауды; 2) Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорынның мүддесі үшін, ол кәсіпорыннан алынған ауылшаруашылық жерлерін есепке ала отырып, соңғы 5 жыл ішінде, нарықтық баға сәйкес алуға мүмкін, орташа деңгейді алынуға мүмкін ауылшаруашылық өнімдерінің жалпы нарықтық бағасын ескере отырып, ауылшаруашылық шығындарын толықтай өндіруді талап етеміз.

- Істі шешіңіз.
- Ауылшаруашылық қажеттілігінен тыс жер учаскелерін алып қоюға қатысты келтірілген зиян мен ауылшаруашылық шығындарын өтеудің тәртібі қандай?
- Ауылшаруашылық мемлекеттік кәсіпорындарының жер пайдалану құқығын алып қою ерекшелігі неде?

75-есеп “Еңбек” шаруа қожалығы, бидай өндіруге қатысты берілген мемлекеттік тапсырысты орындауға қатыстыруды сұрап, жергілікті атқару органына өтініш білдірді, бірақ жергілікті атқарушы орган “Бұл мәселені агроөндірістік кешен биржасы реттейді”, -деп өтінішті қабылдамай тастады.

- Істі шешіңіз.
- Шаруа қожалығының бидай өндіруге қатысты мемлекеттік тапсырысты орындауға құқығы қандай?
- Осындай келісімшартты қабылдаудың жағдайы мен тәртібі қандай?

26-НҮСҚА

76-есеп. Бұрын қолданылмаған жерді қайтадан қолданысқа беру мақсатымен, аудандық әкімшілік басшысы, мемлекеттік босалқы жерлерден 10 гектарды шаруа (фермер) қожалығына беру туралы шешім шығарады. Осыған сәйкес, шаруа қожалығының қызметін жалғастыруға берілген жер, “Бірлестік” мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорынның жайылымынан аттамалық (кірме) жерден беріледі. Осыған сәйкес, шаруа қожалығы мен “Бірлестік” мемлекеттік кәсіпорны бұл аттамалық жерді (1 шаруашылықтың жерінің 2-ші бір шаруашылық жерінде болуы) жою мақсатымен мемлекеттік кәсіпорынның жерінен 0,71 гектарға дейінгі жерді қысқарту арқылы, жер учаскелері мен айырбас жасау туралы келісімге қол жеткізеді.

- Жерді айырбастауға байланысты шаруашылық субъектілерінің арасында туған мәселені шешудің жағдайлары мен тәртібі қандай?
- Ауылшаруашылық жер пайдалану құқығының түсінігі мен ерекшелігіне сипаттама беріңіз?

77 -есеп. Иванов 1990 жылдан бері Беловамен тіркеусіз некеде, бір отбасында тұрған және кооператив мүшесі болып табылған. Олардың бірге тұрған уақыт аралығында, ортақ үйлері, сиыры, тағы басқа да мүліктері және 200 мың теңге көлеміндегі Ивановтың атындағы ақшалары болған. Ивановтың аудандық ауылшаруашылық өндірістік бірлестігінің дайындаушысы болып жұмыс істеген уақыт аралығында, Ивановтың жұмысы барысында көрініс тапқан 660 мың теңге көлемінде жетіспеген ақша көлемін төлеу жүктелген. Бұл шешім 15 мамыр 1999 жылы шығарылады. Ал, 22 тамыз 1999 жылы Иванов бұл шығынының орнын толтырмастан, қайтыс болады. Аудандық ауылшаруашылық өндірістік бірлестігі қайтыс болушының кооператив мүлкіндегі үлесінен, және кейін тіркелген некеден Беловаға мұрагерлікпен қалған 200 мың теңгені, Беловадан өндіру туралы талап арызбен сотқа жолданды.

- Істі шешіңіз.
- Ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің мүлкінің құқықтық режимі қандай?
- Иванов пен Беловаға қойылған талап арыз қанағаттандыруға жата ма?

78-есеп. “Қайырбек” кооперативінің басшылығы, кооператив мүшесі Сагитовтың кооператив мүлкіне абайсызда зиян келтіргені үшін, 3-есе көлемде зиянды өтеуін міндеттейді. Сагитов бұл шешімді орындаудан бас тартып сотқа жолданды.

- Кооператив басшылығының шешімі заңды ма?
- Материалдық жауаптылыққа тартудың негіздері мен түрлерін атаңыз және ауыл шаруашылығында бұның ерекшелігі қандай?

27-НҮСҚА

79-есеп. Жекешелендірілген совхоздың негізінде қайта құрылған ауылшаруашылық кооперативі, ауылшаруашылық техникаларын (алдымен жолдау негізделген) пайдалануға алу үшін көмек көрсетуі жөнінде аудандық әкімге жолданды. Аудандық әкім бұған көмектесуден бас тартып, бұл сұрақты шешетін Ауылшаруашылық министрлігінің арнайы лизингтік қоры құрылғанын айтады.

- Бұл қандай қор және ол қашан құрылған?
- Қордың есебінен, лизингтік шарттың негізінде ауылшаруашылық техникаларын пайдалануға берудің тәртібі мен жағдайына сипаттама беріңіз.
- Аталмыш қатынасты реттейтін нормативтік құқықтық актілер қандай?

80-есеп. Семей әкімшілік басшысының шешімімен “Екпенді” ауылшаруашылық акционерлік қоғамының жерінен, 1996 жылы поселке құрылысын жүргізу үшін 12 гектар, және 1997 жылы жергілікті өндірістік басқарманың өндірістік объектілердің құрылысын салу үшін 5 гектар жер бөліп беру көзделген. Бірақ, бұл аталған жерлер мерзім ішінде игерілмеген. Акционерлік қоғамның басшылығы ауылшаруашылық өндірісін кеңейту мақсатымен, аталмыш жер учаскесін қайтарып беру жөнінде, аудандық әкімшілік басшысына мәселе қояды.

- Бұндай жер дауларын қалай шешуге болады?
- Ауылшаруашылығынан тыс қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін, ауылшаруашылық жер пайдаланушылардан жерді алып қоюдың тәртібі қандай?

- Ауылшаруашылық шығындары дегеніміз не?
- Ауылшаруашылық шығындарының мөлшерін анықтаудың механизмі қандай?

81- есеп. Антипов пен оның әйелі 1992 жылдан “Маяк” ауылшаруашылық кооперативінің мүшелері. Антипов ауылшаруашылық кооператив басқару органдарының рұқсатынсыз, ауылшаруашылығы кооперативіндегі жұмысын тоқтатып, “Ауылшаруашылық техникаларын” жөндеу шеберханасына жұмысқа тұрады. Ауылшаруашылық кооператив басшылығы бірнеше рет Антиповқа кооператив қайтадан келуін өтінді, бірақ ол келісімін бермеді. Ауылшаруашылық кооперативінің құрылтай жиналысы, Антипов пен оның әйелін кооператив мүшелігінен шығару және үй жанындағы жер учаскесінен айыру және ауылшаруашылық кооперативінің жойылым жерлерін пайдалану құқығынан айыру туралы шешім шығарады.

Ауылдық маслихат бұл шешімді заңсыз деп тауып, оның күшіне енуін тоқтата тұрып, аудандық әкімшілік басшысынан түсініктеме сұрады.

- Тиісті органның шешімінің (құқықтық актісінің) жобасын дайындаңыз.
- Істі шешіңіз.

28-НҮСҚА

82-есеп. “Луч” кооперативінің мүшелері Ильинның тракторға салақтықпен қарауы және техника қауіпсіздік ережесін бұзу салдарынан 221 мың теңге көлемінде трактордың бөлшектері сынып, ал Катинның қауіпсіздігі салдарынан кооперативтің бұзауы өліп қалған.

Кооператив басшылығы Ильиннен ремонттың толық құны 221 мың теңгені өндіруді, ал Катиннен өлген бұзаудың толық емес құны мөлшерінде, яғни келтірілген зиянның 1/3 бөлігін өндіру туралы шешім шығарады. Бірақ, Катин мен Ильин кооператив басшылығының шешімімен шығарылған келтірілген зиян мөлшерін өтеуден бас тартады. Кооператив басшысы кооператив мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыру үшін Катин мен Ильиннің ай сайыңғы жалақы мөлшерінен 25% мөлшерінде ұстап қалу туралы нұсқау береді.

- Бұл істі қалай шешуге болады.
- Кооператив меншігін қорғаудың құқықтық әдістеріне сипаттама беріңіз.

83-есеп. “Достық” шаруа қожалығының басшысы, мүліктік қажеттілік үшін саз балшықтан (топырақтан) кірпіш шығарып, болашақта оларды ауылдастарына сату мақсатымен, жер бөліп беруін аудандық әкімге өтініш жолдайды. Аудандық әкім “Достық” шаруа қожалығының өтінішін қанағаттандырды. Бірақ, аудандық прокурор, әкімнің шешіміне наразылық білдіреді.

- Істі шешіңіз.
- Шаруа қожалығы аталған шаруашылық қызметінің түрімен айналысуға құқылы ма?
- Жер пайдаланушы ретінде шаруа қожалығының құқықтары мен міндеттеріне сипаттама беріңіз.

84-есеп. Ауылшаруашылық серіктестігі кірпіш заводын салды. Кірпіш жасауға қажетті саз балшық (топырақ) ауылшаруашылық серіктестігінің жер пайдалану құқығының шегінде алынып отырды. Алдымен заводта жасалынған барлық кірпіш, өздерінің ішкі шаруашылық қызметтерін қанағаттандыруға жұмсалса, ал қалғаның сыртқа сата бастады. Аудандық әкімшілік басшысы, жер заңдарын бұзу арқылы шығарылып сатылып жатқан артық кірпіш анықтады.

- Ауылшаруашылық жер пайдаланушылардың пайдалы қазбаларды тарату мен шығару құқығына түсініктеме беріңіз.
- Әкімнің әрекеті заңды ма?

29-НҮСҚА

85-есеп. Ауылшаруашылық кооперативі, осы кооператив мүшелері Греков пен Баевтың өзіндік жеке шаруашылығынан мал және құс сатып алуға шарт жасайды. Греков пен Баев кооперативтің уақытша пайдалануында болмай тұрған жер учаскесінен, өздеріне мал азығына қажетті шөптерін өсіру үшін, қосымша жер учаскесін беруді өтінеді. Кооператив аталмыш өтінішті қанағаттандырудан бас тартады. Себебі, олардың өзіндік шаруашылығындағы шарт бойынша өсірілген мал және құс, ауылшаруашылық өнімдерін сатуға байланысты мемлекеттік жоспарға есептелмейді дейді.

- Істі шешіңіз және азаматтардың өзіндік шаруашылығында мал мен құс өсіруге қатысты кооперативпен болған шартқа сипаттама беріңіз.
- Ауылшаруашылық өнімдеріне мемлекеттік тапсырыс дегеніміз не ? және ондай шарт жасауды реттейтін қандай нормативтік құқықтық актілер бар?

86-есеп. Шаруа қожалығының жалдамалы жұмысшысы Паршин қараңғыда үйіне келе жатып, тракторға тиелген гидрант пен кооператив жерін сұғаратын трубаны бүлдіріп алады. Келтірілген зияны үшін шаруа қожалығы кооперативке 180 мың теңге төлейді. Прокурор, кооперативке келтірілген зиянды өтеу үшін, кооператив мүддесі үшін осы зиянды өтеуді регресстік талап негізінде шешуге талап қояды, яғни келтірілген зиянды Пашиннің өзінен өндіруге талап қояды. Аудандық сот бұл талапты 90 мың теңге көлемінде қанағаттандырады. Бірақ, Пашин аудандық сот шешіміне облыстық сотқа шағымданады. Онда, ол шағымда, зиян келтірем деген қасақана ойының болмағанын және жалақысы айына 2000 теңге құрайтының көрсетеді.

- Істі шешіңіз, ауылшаруашылығында материалдық жауаптылықтың туу ерекшеліктерін көрсетіңіз.

87-есеп. Ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің жарғысында: “Әрбір кооператив мүшесі өзінің отбасындағы әрбір еңбекке қабілетті мүшесінің есебінен, кооператив мүлкіне 2-есе мөлшерде мүліктік пай және жер үлесін қосуға міндетті”, - деп көрсетілген.

- Бұл талап заңды түрде қойылған ба ?
- Ауылшаруашылық кооператив мүшелерінің кооперативке мүліктік және жер үлесін қосудың мөлшерін анықтау қандай тәртіпте және қандай органмен шешіледі?
- Ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің мүлкінің құқықтық режимінің ерекшелігіне сипаттама беріңіз.

30-НҮСҚА

88-есеп. Ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің басшысы облыстық әкімшілік басшысына, ауылшаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін, қандай нормада және қандай тұлғаларға тегін жер учаскесі берілетіндігінің тәртібін сұрап, өтініш білдіреді. Сондай-ақ, “Ауылшаруашылық кооперативі жер аукционына қатыса ала ма, қатысса бұл аукцион қандай тәртіпте жүргізіледі”, -деп қосымша сұрақ қояды.

- Мемлекеттен ауылшаруашылық қажеттіктерін қанағаттандыру үшін жер беру тәртібі қандай және ол қандай нормативтік құқықтық актілермен реттеледі?
- Аталған қатынасты құқықтық реттеудің ерекшелігі неде?

89-есеп. Шаруа (фермер) қожалығының территориясында 43 гектарға жуық сайлы-жырлар есепке алынған. Бұл жырлар тек егістік алқаптарын бұзып қана қоймай, ауылдық жерлерге қарай жылжи бастаған. Соның салдарынан уақыт өткен сайын тұрғын үйлер мен шаруашылық ғимараттарын жаңа орындарға жылжытып отыруға мәжбүр болған. Облыстық әкімшілік басшысы, жырлардың одан әрі жылжуын тоқтату мақсатымен жырлардың алдына ағаш отырғызу керектігі туралы шаруа (фермер) қожалығының басшысына ұсыныс енгізді. Алайда, шаруа (фермер) қожалығы бұл жырлардың алдын орап, ағаш отырғызуға арнайы құралдары мен мамандардың жетіспеуіне байланысты ағаш отырғызуға мүмкіндіктері жоқ екендігі жөнінде облыстық әкімшілік басшысы жауап қайтарды. Сай-жырлардың пайда болуы шаруа (фермер) қожалығының шаруашылық жүргізуіне байланыссыз, табиғатының дүлей күшінің салдарынан туындап отыр деп, шаруа (фермер) қожалығының басшысы облыстық әкімшіліктің басшысына, сай жырлардың маңына ағаш отырғызуды мемлекеттік бюджет есебінен жүргізіп және бұл жұмысы орман шаруашылығына тапсыру туралы ұсыныс жасап, ал шаруа қожалығы осы жұмысты жүзеге асыруға көмек ретінде адамдар бөлетіндігі жөнінде уәде берді.

- Ауылшаруашылық жер пайдаланушылардың жерді қорғауға қатысты міндеттеріне сипаттама беріңіз.

90-есеп. “Corporation” шетел фирмасы “Алға” шаруа қожалығына инвесторлық көмек тәртібімен, өсімдікті қорғауға арналған биологиялық және химиялық заттарды жеткізіп беру жөнінде шартқа отырады. Шетелден әкелінген бұндай затты әкелуге рұқсат беретін тиісті құжаттар дұрыс толтырылмаған, -деп кеден органдары бұл затты алып қояды.

- Істі шешіңіз.
- Осындай шарт жасау заңды ма?
- ҚР-да ауылшаруашылық инвесторларына қандай жеңілдіктерге ие?
- Өсімдікті қорғайтын химиялық және т.б. заттарды қолдану жағдайларын қандай нормативтік құқықтық актілермен реттейміз?

31-НҮСҚА

91-есеп. 1994 жылы наурыз айында құрамына Құдайбергеновтар отбасының кірімен “Береке” шаруа қожалығы құрылады. 1999 жылы маусым айында Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне, “Береке” шаруа қожалығының басшысы, фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскесін бөліп беруді сұрайды және бұл фермер қожалығы бұрынғы шаруа қожалығының базалық негізінде құрылатындығын және мүшелерінің құрамы өзгертілетінін айтады. Облыс әкімі шаруа қожалығы басшысының өтінішін қанағаттандырмайды. Ол бұл мәселені шешу оның өкілеттігіне кірмейтінін және фермер қожалығын жүргізу үшін жерді сатып алу керектігін айтады.

- Істі шешіңіз.
- Шаруа қожалығы мен фермер қожалығының айырмашылығы неде?
- Әкімнің өтінішті қабылдамауы заңды ма?
- Шаруа қожалығына жер берудің тәртібіне сипаттама беріңіз.

92-есеп. “Луч” ауылшаруашылық кооперативінде ревизия жүргізілу барысында қойма меңгерушісі Ивановқа қатысты әртүрлі материалдық құндылықтарға байланысты 600 мың теңге жетіспейтіндігі анықталады. Кооператив басшылығы жетіспеген ақша көлемін Ивановтан өндіру туралы шешім шығарады. Бірақ, бас бухгалтер Сушко бұл зиянды шаруашылық шығындарына жатқызады.

- Бас бухгалтердің әрекеті заңды ма ?
- Кооператив мүшелері мен жалдамалы жұмысшылардың кооперативке келтірген материалдық зиянды өтеудің тәртібі қандай?

93-есеп. Қартайған ерлі-зайыпты Захаровтар соңғы 2 жыл бұрынғы колхозды қайта құру енгізінде құрылған ауылшаруашылық кооперативінде жұмыс істемейді. Осыған байланысты, жалпы жиналыста кооператив басшысы, олардың кооператив жұмысына жеке еңбектерімен қатыспағандықтан оларға үй маңынан берілген 0,20 гектар жерді 0,10 гектарға қысқарту туралы мәселе қояды. Осы мәселені шешу барысында кооперативтің тексеру комиссиясының басшысы, үй маңындағы жер учаскесін, құрылыс салынған жер учаскесін қоса алғанда 0,15 гектар жерді ерлі-зайыптыларға қалдыру туралы ұсыныс жасайды.

- Істі шешіңіз.
- Ауылшаруашылық ұйымдарында жер қатынастарын қалыптастырудың ерекшелігі неде?
- Кооператив мүшелерінің жер үлесі мен үй маңындағы жер учаскелерінің құқықтық режимі қандай?

32-НҮСҚА

94-есеп. Өңдеуші мекеме мен кооператив арасында жасалған контрактация шартының міндеттемелерін орындауға байланысты, кооперативтің жалдамалы жұмысшысы Сегізбаев бригадирдің тапсырмасымен қабылдау пунктіне бұзаулар, қояндар мен құстарды жеткізуі керек болатын. Бірақ, жолда Сегізбаевтың мас күйінде орман ішінде адасып, оның қараусыздығы салдарынан бұзаулар, қояндар, құстар қырылып қалды. Осыған сәйкес, кооператив басқармасы Сегізбаевқа 2000 теңге көлемінде айып салып, бұзаулар, құстар мен қояндардың құнын нарықтық бағаға сәйкес төлеуіне ұсыныс жасады. Ал тексеру комиссияның төрағасы Сегізбаевтың әр айлық жалақы есебінен 1/3 –тен кем емес мөлшерде келтірілген зиянды өндіріп алу керек деп есептеді.

- Істі қалай шешуге болады?
- Кооператив мүшелері мен жалдамалы жұмысшылардың кооператив мүлкіне келтірген зиянды өтеудің тәртібі, мөлшері, ерекшелігі қандай?

95- есеп. “Алға” шаруа қожалығының мүшелері болып табылатын ерлі-зайыпты Егембердиевтердің мүлкін бөлу кезінде, осы шаруа қожалығының өз қызметін одан әрі жүргізілу мүмкіндігі туралы сұрақ туды.

- Шаруа (фермер) қожалығының қызметін тоқтату негіздерін атаңыз.

- Мүлікті бөлу кезінде, шаруа (фермер) қожалығы мүшелерінің осы мүліктен алатын үлестерін анықтау тәртібі мен ерекшеліктері қандай?

96-есеп. Аылдық әкімшілік басшысы ауылшаруашылық акционерлік қоғамына өндірістік өндеуге тау қойнауындағы құм мен шағыл тас кен орнын берді. Ауылшаруашылық акционерлік қоғамы 3 жылдың ішінде құм мен шағыл тасты өңдеуге кіріспеуіне байланысты. Әкім тау қойнауын одан алып қойып оны железобетон конструкциясы заводына берді. Ауылшаруашылық акционерлік қоғамы аудандық әкімшілік басшысына аылдық әкімшілік басшысының онда тау қойнауын алып қою туралы шешімін өзгерту туралы арызбен шағымданды, себебі, ол құм және шағыл тасты өндеуге пайдалы қазба кен орнына кіру жолының жоқтығынан, ол құрылысқа 2,5 жыл шамасында қажет етті.

- Істі шешіңіз.
- Ауылшаруашылық жер пайдаланушылары қандай құқықтар мен міндеттері иеленеді?
- Ауылшаруашылық акционерлік қоғамының жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндірістік өндеу тәртібі қандай ?

33-НҮСҚА

97-есеп. Ауылшаруашылық өндірістік кооперативі мүшесінің жанұя мүлкін бөлу кезінде, аудандық сот үй иесінің баласының әйеліне ол мұғалім және кооператив мүшелігінде тұрған жоқ деп үлес беруден бас тартты.

- Сот шешімі дұрыс па?
- Ауылшаруашылық өндірістік кооперативі мүлкін және кооператив мүшесінің жеке мүлкін бөлу тәртібін түсіндіріңіз.

98-есеп. “Авангард” кооперативінің басқармасы кооператив мүшелері Горбунова мен Грачті шошқа бағушы етіп тағайындады. Бірақ, олар бұл шешімді орындаудан бас тартты және бұл жұмысқа кіріспеді, өздерінің бас тартуларын олар, біз кооперативте жұмыс жасауға міндетті емеспіз деп негіздеді, өйткен олар кооператив қызметіне мүліктік жарна қосты, және тиісінше таза табыстың бір бөлігін алуға құқығы бар. Бұның нәтижесінде, фермадағы малдар қараусыз қалды және малдардың жоғалуы орын алды. Кооператив талап арызы бойынша аудандық сот Горбунова мен Грачтан сатып алу бағасымен өлген малдардың құнын өндіріп алды. Жауапкерлер облыстық сотқа шағымданды.

- Облыстық сот коллегиясының ұйғарымының жобасын жасаңыз.

99-есеп. Ауылдық жерде тұрып жатқан Әділовтар жан-ұясы жеке қосалқы шаруашылықпен айналыса отырып қалаға сүт, қаймақ және ет сатты. Әуезов аудандық салық инспекциясы, қалада ет, сүт өнімдерін заңсыз сатуға жоспарлы тексеріс кезінде Әділовтар жан-ұясының сатқан өнімдері тәркіленді және азаматша Әділоваға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың патентінің жоқтығына байланысты 7 мың теңге көлемінде айыппұл салынды.

- Істі шешіңіз.
- Шаруа (фермер) қожалығының азаматтардың жеке қосалқы шаруашылығынан қандай айырмашылығы бар?
- Салық инспекциясының әрекеттері заңды ма?

34-НҮСҚА

100-есеп. “Звезда” шағын ауылшаруашылық кәсіпорны сотта “Металлист” заводына талап қояды, онда соттан заводты өз бетімен қосалқы шаруашылыққа алған ауылшаруашылығы кәсіпорнының 15 гектар жерін қайтаруды және 3 жыл мерзімде оны заңсыз пайдаланудан алған картоп, көкөністің құнын толтыруды міндеттейтін шешім қабылдауды өтінді.

Жауапкер сотта сол жер учаскесінде мелиорациялық жұмыстарды жүргізумен байланысты пайдаланылмаған шығындардың орнын толтыруды талап ете отырып қарсы талап қойды.

- Істі шешіңіз.
- Өзбетімен алынған жерлерді алып қою және келтірілген шығындарды өтеу мәселелері қандай тәртіпте шешіледі?

101-есеп. Аудандық сот прокурордың “Луч” атты мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорынның мүддесімен тракторист Борисовқа жұмыс барысында салақтықпен сындырған ауылшаруашылық инвентарінің құнын, 14570 теңге өтеуді сұраған талабын қанағаттандырады. Ал, Борисов облыстық сотқа берген кассациялық арызында оның айлық жалақысынан 14570 теңгені ұстауға келісім бермегендігін және материалдық жағдайын ескеруді өтінгендігін (айлық жалақысы 2200 теңгеден құрылады), сондай-ақ ауылшаруашылық инвентарінің сынуы оның дұрыс қарамауынан болғандықтан көрсетті.

- Істі шешіңіз.
- Жұмысшының кәсіпорын мүлкіне келтірген зиянды өтеу тәртібі қандай?

102-есеп. “Амангелды” совхозын мемлекеттік иелігінен алу және мүлкін жекешелендіру барысында совхоздың еңбек ұжымы кооперативтік ауылшаруашылық кәсіпорын құруды шешті, оның мүшелерінің жартысы мал өсіру фермасына қызмет көрсету жұмысымен айналысатын мүшелері жеке шаруа (фермер) қожалығын құруды шешеді. Олар совхоз директорына малдың жартысын, трактор, автокөлік және т.б. өндіріске қажетті негізгі қаражатымен 10 га жер бөлуді сұрады.

Бұл екеуілерін де совхоз директоры аудандық әкімшілік басшысына жіберді. Өтінішті қарап, аудандық әкімшіліктің басшысы мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы ҚР заңының 15 бабының негізінде еңбек ұжымымен жекелеген мүшелерінің шешімдерін қанағаттандырудан бас тартып, “Еңбек” колхозымен бірігіп акционерлік қоғам құруды ұсынды.

- Жекешелендірудің нысаны және тәртібі қандай?
- Қандай органдар және қандай мерзім ішінде мемлекеттік иелігінен шығару мәселесін шешуі тиіс?
- Шаруа (фермер) қожалығын құру тәртібі.

35-НҮСҚА

103-есеп. Ермаковтар жанұясы шаруа (фермер) қожалығын құруды шешіп, 1998 ж. 14 наурызда жанұя басшысы Ермаков Е. аудан әкімшілігіне жер учаскесін беру туралы өтініш жасады. Өтінішке жауап 1998 ж. 25 маусымда берілді, онда қысқа мерзімді пайдалануға 1 гектар көлемінде жер учаскесі ұсынылған. Бұған негіз ретінде құрылатын қожалықтың бір мүшесі Ермаков И. Ресей азаматы екендігі көрсетіліп, ал шет ел азаматтарына ҚР-да тұрақты пайдалануға жер берілмейтіндігі көрсетілген. Ермаков Е. аудан әкімінің шешімін заңсыз деп есептеп және оның ҚР-ның азаматы ретіндегі құқықтарына нұқсан келтірілген деп есептеп сотқа талап арыз берді.

- Істі шешіңіз.
- Қандай орган және қандай мерзімде мұндай өтініш бойынша жер учаскесін бөлу туралы шешім қабылдайды?
- Қандай тұлғалардың шаруа (фермер) қожалығын құруға құқығы бар?
- Аудан әкімінің шешімі заңды ма?

104-есеп. Жер пайдалануы көршілес және ортақ шекаралас “Рассвет” ауылшаруашылық кооперативі мен “Луч” шағын кәсіпкерлігі өзара келісім арқылы көлемі бірдей жер учаскелерін ауыстырып, кейін аудандық әкім басшысына жер пайдалану шегін жер пайдалану құқығына мемлекеттік актілерде өзгертілуін өтінді. Әкімшілік басшысы, “Рассвет” ауылшаруашылығы кооперативі мен “Луч” шағын кәсіпкерлігінің жер пайдалану шегін жер басқару мемлекеттік органның қатысуынсыз шешкендігін ескерте отырып өтінішті қанағаттандырмады.

- Аудандық әкімшілік басшысының әрекеті дұрыс па?
- Жер пайдалану шегін өзгертудің тәртібі қандай?
- Ауылшаруашылығында жер ресурстарын басқару органдарының өкілеттілігін атаңыз.
- Ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің жарғысына қандай талаптар қойылады?
-

105- есеп. “Победа” кооперативі тіркеу үшін жарғысын ұсынды, онда кооператив жұмысына қатыспайтын қарт адамдар мен I және II топтағы мүгедектерінен тұратын кооператив қызметіне қатыспайтын мүшелерінің үй маңындағы жер учаскесінің көлемі 0,25 га құруы тиіс. Үнемі басқа жақта тұратын және тек жаз мезгілінде жер учаскесін өндеу үшін келетін кооперативтің қарт мүшелерінің жер учаскесі- 0,12 гектарға тең болуы тиіс.

- “Победа” кооперативінің жарғысындағы жағдай заңға сай ма?
- Үй айналасындағы жер учаскесінің көлемі неге байланысты және оны кооператив мүшелері үшін кім анықтайды?

36-НҮСҚА

106-есеп. Аудандық сот “Волна” ауылшаруашылығы акционерлік қоғамы (АҚ) басқармасының талап арызы бойынша АҚ бас бухгалтері Бағланнан материалдық құндылықтардың жетіспеуімен байланысты 114000 теңге өндірді. Бағлан өз кезегінде аудандық сот шешіміне оны АҚ-да еңбек шарты бойынша жұмыс жасағандығын, ал сот оған жауапкершілікті АҚ мүшесі ретінде жүктегендігін негіздейді отырып шағымданды.

- Істі шешіңіз.
- Ауылшаруашылық АҚ-да еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін тұлғалардың материалдық жауапкершілігінің ерекшелігі неде?

107-есеп. Алдабергеновтер жанұясы шаруа (фермер) қожалығын құру мақсатымен облыстық әкімге жер беру туралы өтінішпен жолданды. Облыс әкімі ұсынылған құжаттарды қарап шығып облыста ауылшаруашылығын жүргізу үшін бос жерлерінің жоқ болуынан өтінішті қанағаттандырмады. Бірақ Алдабергеновтың бұрын өзі істеген жекешелендірілген совхоздың орналасқан жерінен 0,50 га шартты жер үлесін алуға құқылы екендігін көрсетті.

- Істі шешіңіз.
- Шартты жер үлесі деген не? Шартты жер үлесін иемденушінің құқықтары қандай?
- Облыс әкімнің өтінішті қанағаттандырмауы заңды ма ?
- Шаруа (фермер) қожалығы үшін жер учаскесін қандай мемлекеттік орган бере алады?

108-есеп. “Бір-Бұлақ” совхозын жекешелендіруге байланысты, оның мүшелері Ахметов, Ақбергенов, Смаилов, Кирилловтар совхоз директорына олардың жеке меншігіне мал өсіру фермасы үшін қора, трактор, автокөлік, электроқұрылғы, мал сауатын агрегаттар мен өзге де өндіріс құралдарын, қараусыз бұлақты қоса 90 га жер, су жіберу станциясын шаруа (фермер) қожалығын құру үшін беруіне өтінді. Директор ұжымдық ауылшаруашылығы кәсіпорнын құруға шешімі негізінде өтінішті қанағаттандырмады. Совхоз мүшелері прокурорға шағымданды.

- Істі шешіңіз.
- Шаруа (фермер) қожалығын құру тәртібі қандай?
- Бір жанұя мүшелеріне жатпайтын тұлғалар шаруа (фермер) қожалығын құра алады ма?
- Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарын жекешелендірудің тәртібі мен ерекшеліктері қандай нормативтік актілермен реттеледі?

37-НҮСҚА

109-есеп. “Волна” ауылшаруашылық кооперативінің басқармасына Листов, оның әйелі және кәмелетке толған қызының ауылшаруашылық кооперативі мүшелігіне қабылдау туралы өтініштері келіп түсті. Оларды мүшелікке қабылдау туралы шешім қабылданғанға кейін, жер үлесін беру мәселесі қаралды. Осы кезде Листовтың тағы екі ұлы және оның біреуі олармен бірге тұратындығы анықталды. “Волна” кооперативінің жарғысы бойынша Листов жанұясына 0,15 га жер берілуі тиіс. Листовтың екінші ұлы көрші орман өндіру шаруашылығында жұмыс жасап, оған онда 0,25 га көлемінде қызметтік жер үлесі берілген.

- Листовтар жанұясында үй айналасындағы жер учаскесіне құқығы бар ма?
- Үй ауласындағы жер учаскесінің құқықтық режимі қандай?
- Қандай органдар және қандай тәртіпте үй айналасындағы жер учаскесі туралы мәселені шешеді?

110- есеп. “Бірлік” шаруа (фермер) қожалығының басшысы Стахов, Борисов және Потапов комбайншыларды 6 га жерден көкөніс жинауға жіберді. Олар жинақты бітірместен үш күн бойы жұмысқа шықпады. Нәтижесінде ауа райының бұзылуынан 4 га жердегі көкөніс қар астында қалды. Кінәлілердің бүлінген көкөніс үшін жауапкершілігі туралы мәселе қойылды.

- Істі шешіңіз.
- Ауылшаруашылығындағы материалдық жауапкершіліктің түрлерін сипаттаңыз.

111- есеп. Ауылшаруашылық кооперативінің басқармасы аудандық әкімшілік басшысынан өз шаруашылығын қамтамасыз ету үшін шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде тиесілі қаржы бөлуді сұрады. Аудан әкімі мұндай мүмкіндіктің болмауынан кооператив өтінішін қанағаттандырмады да ҚР ауылшаруашылығын қолдау жөнінде мемлекеттік қорына жолдануды ұсынды.

- Ауылшаруашылық шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларын сипаттаңыз.

- ҚР ауылшаруашылығын қолдау жөніндегі мемлекеттік қоры дегеніміз не?
- Бұл қордың қаржысын қалай алуға болады?

38-НҮСҚА

112-есеп. “Алатау” тауық фабрикасының еңбек ұжымы өзінің жиналысында тауық фабрикасының мүлкін жекешелендіріп, өздері совхоздан бөлініп, шағын тауық өсіру кәсіпорнын құруды шешті. Бұл шешіммен ол совхоз директорына жолданып, сонымен қатар тауық фермасының негізгі қаражатымен қоса өндірістік мақсаттар үшін 50 га жер бөлуді сұрады. Директор болса, бұл өтінішті, ұжымның акционерлік қоғам құру туралы шешімін негіздей, отырып қанағаттандырмады.

- Шағын кәсіпкерлік құру және мемлекеттік тауық фермаларын жекешелендірудің тәртібі қандай?
- Жекешелендірудің объектілері және субъектілері, жекешелендің тәртібі қандай?
- Совхоз директорының бас тартуы негізді ме?

113-есеп. 1998 ж. 15 ақпанда “Еңбек” кооперативінің трактористі мас күйінде, өз бетімен кооператив тракторын өз мақсатында алып, “Озерки” селосына айдап кетіп, онда тракторды қараусыз қалдырып, двигателі мен радиаторы қатып, нәтижесінде кооперативке 240.000 теңге мөлшерінде зиян келтірді. Аудандық сот жауапкердің материалдық жағдайын ескеріп, кооператив талабын ішінара 5000 теңге мөлшерінде қанағаттандырып, оның қарауында 4 баласы бар екендігін көрсетті.

- Аудандық соттың шешімі дұрыс па?
- Кооператив мүшелерінің материалдық жауапкершілігі қандай?
- Материалдық жауапкершілікке тартудың негіздерін атаңыз.
- Азаматтық- құқық жауапкершіліктің материалдық жауапкершіліктен айырмашылығы неде?

114-есеп. Құрылыс-монтаждық жұмыстар өндірісі жанындағы құрылыс конторасы өз бетімен шаруа (фермер) қожалығы мал жайылымдары мен шөп жинау алқабының 10 га жерін, ауылшаруашылық кооперативінің шөп шабылымының 20 га жерін иеленген, оның 12,5 га ауылшаруашылық айналымынан алынып тасталуына алып келген. Зиян

шеккендер келтірілген зиянның орнын толтыру және ауылшаруашылық өндірісін шағындарын өндіру туралы сотқа талап арыз берді.

- Сот қандай шешім қабылдауы тиіс?
- Келтірілген зиян мен ауылшаруашылық өндірісінің шығындарын өндірудің тәртібі қандай?

39-НҮСҚА

115-сеп. «Жеңіс» шаруа қожалығының 65 га жері ЭЛУ-3б-ға Қаскелең қаласының солтүстігіне қарай автомобиль жолы үшін тұрақты пайдалануға берілген, және жолды көгалдандыруды қоса алғанда 60 метр жолдың шетін белгілеу нормаларымен тұрақты пайдалану ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген. Құрылыс жолмен кесілген жерде шаруа қожалығының ауылшаруашылық өндірісіне қажетті жағдайларды жасау және сақтауға зиян еклтіру арқылы жүргізілді. Жол беті, пректіде көрсетілгендей, басқа жерден алынып келген тастар есебінен жасалынған жоқ, көрші суармалы жерлердің топырақ қабатын бульдозермен жол бетіне итеріп салу жолымен жасалынды, соның салдарынан қожалықтың өнім беретін жерінің 15 гектары бүлінген. Қожалықтың басшысы аудан әкімшілігінің басшысына шағым білдірді.

- Істі шешіңіз.
- Жоғары өнім беретін ауылшаруашылық жерлерін ерекше қорғауға ен кіреді?
- Жер пайдаланушыларға келтірілген зиянның орнын толтырудың негіздері мен тәртібі қандай?
- Мұндай жағдайда ауылшаруашылық өндірісіне келтірілген шығынның орны толтырылады ма?

116-есеп. Ахметовтар және Баймурзаевтар отбасылары шаруа (фермер) қожалығын жүргізумен айналысатын. Ахметовтың үлкен ұлының үйленуіне байланысты, оған шаруа (фермер) қожалығының мүлкінен үлесін бөліп беру туралы сұрақ туындады.

- Істі шешіңіз.
- Шаруа (фермер) қожалығының мүлкінің құқықтық режимін көрсетіңіз.
- Ахметовтың үлкен ұлының үлесі қандай?

117-есеп. Ауылшаруашылық кооперативінің жүргізушісі М., сүт- тауар фермасына жемнің құнарлығын арттыратын концентраттарды жеткізуі керек болатын. Жолда автомобиль сынып қалады, жүргізуші М., оны жөндегенше, жаңбыр жауып, соның салдарынан концентраттар бүлінеді. Кооперативтің басқармасы, бүлінген концентраттар жемге қажетті құнарлық бермегенліктен сүттің мөлшері азайып қалды деп, М., жалақысынан 21300 теңге ұстап қалады. Сүттің алынбаған мөлшері М., жалақысынан ұсталынған болатын. Кооперативтің басқармасының шешімімен келіспеен М., сотқа жолданады.

- Істі шешіңіз.
- Ауылшаруашылық жұмысшыларының материалдық жауапкершілігінің туындау негіздері қандай?
- Ауылшаруашылық кооперативінің мүшелерінің материалдық жауапкершілігінің ерекшелігі неде?
- Ауылшаруашылық кооперативінің мүшелерінің материалдық зиянның орнын толтыруының тәртібін сипаттап беріңіз.

40-НҮСҚА

118-есеп. “Бірлік” шаруа (фермер) қожалығы мал өсірумен және колбаса өнімдерін өндірумен айналысатын. Санитарлы-эпидемиологиялық станциясы аудандық әкімшілік өкілдерімен бірге “Бірлік” фермер қожалығының қызметін тоқтату туралы шешім қабылдады. Бұған себеп, оның жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелмегендігі және лицензиясының болмауы, сондай-ақ қызметінің санитарлық талаптарға сай келмеуі.

- Істі шешіңіз.
- Қандай орган және қандай тәртіпте шаруа (фермер) қожалығының қызметіне араласуға құқылы?
- Қандай жағдайда жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуге тұру және лицензия алу қажет?

119-есеп. «Амангелді» совхозының мүлкін жекешелендіру кезінде совхоздың еңбек ұжымы кооператив құру туралы шешім қабылдаған, ал оның мүшелерінің бір бөлігі мал шаруашылығы фермасында жұмыс істеген, солар жеке фермер қожалығын құру туралы шешім қабылдаған. Олар совхоз директорына малдың бір бөлігін, трактор, автомобиль және өндіріске қажетті негізгі құралдар және 100 га жер бөліп беру туралы өтініш білдірген. Совхоздың еңбек ұжымының шешімі мен мал шаруашылығы фермасының мүшелерінің өтінішін совхоз директоры аудан әкімшілігінің басшысына жіберді. Өтінішті қарастырып, аудан әкімшілігінің басшысы «Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорынның мүлігін жекешелендіру ерекшеліктері туралы» ҚР Заңына сүйене отырып еңбек ұжымының шешімі мен жекелеген мүшелерінің өтінішін қанағаттандырусыз қалдырып, «Еңбек» колхозымен бірігіп акционерлік қоғам құруды ұсынған.

- Ауыл шаруашылығындағы жекешелендірудің тәртібі мен нысандары қандай? Жекешелендіруді жүргізу туралы шешімді қандай органдар және қанша уақытта шешеді?
- Мал шаруашылығы кешенін жекешелендірудің ерекшеліктері қандай?
- Шаруа қожалығын құру тәртібі қандай?

120-есеп. “Береке” ауылшаруашылығы кооперативінің басқармасы ауылшаруашылық өндірісінің көлемін ұлғайту үшін кредит алу мақсатында кәсіпорнның 100 гектар жерін кепілге беру туралы шешім қабылдады. “Береке” кооперативінің құжаттарын қарау барысында банк кооператив басқармасының мұндай маңызды шешім қабылдауға құқығы жоқ екендігін ескере отырып бұл өтінішті қанағаттандырудан бас тартты.

- Істі шешіңіз.
- Ауыл шаруашылық кооперативінің жер пайдалану құқығын кепілге беру тәртібі, жағдайы және ерекшеліктерін сипаттаңыз.
- Кепіл берушінің кепіл ұстаушыға ұсынатын құжаттарын атаңыз.

41-НҮСҚА

121-есеп. Алматы тоқыма комбинатының қосалқы шаруашылығы аудандық әкімшілік басшысына шаруашылығын кеңейту үшін 20 га жер беруін сұрады. Аудандық әкімшілік басшысы қосалқы шаруашылықтың өтінішін қанағаттандырып, оған “Алға” кооперативінің жер пайдалануынан 20 га жер беруді шешті.

- Аудандық әкімшілік басшысының шешімі дұрыс па?
- Ауылшаруашылық жер пайдаланушыларға жер беру тәртібі қандай?
- Ауылшаруашылық жер пайдаланушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды сипаттаңыз.

122-есеп. “Восход” ауылшаруашылық кооперативінің Е., жұмысшысы бұзауларды суға жайып жинай алмады. Ешкімді бұл жөнінде ескертпестен, ол үйіне кетіп ертесіне ғана бұл

жөнінде бригадаға айтты. Бұл уақытқа дейін бұзаулар өліп қалған. Аудандық сот жауапкердің материалдық жағдайын ескеріп талап арызды жартылай қанағаттандырылды. Облыстық сот президиумы бұл шешімнің күшін тоқтатып, істі жаңадан қараған кезде совхоз басшысы мен зоотехникті су жайылымын дұрыс жабдықтамағаны үшін тартты. Сот Е. Азаматтан –44000 теңге, басшыдан –22000 теңге, зоотехниктен-11500 теңге өндіруді шешті. Совхоз директоры және зоотехник бұл шешімге өздерінің бұзаулардың өлуі туралы хабарсыз болғандығын және оған кінәлі еместігін көрсете келе шағымданды.

- Істі шешіңіз.
- Ауылшаруашылық жұмысшыларының мүліктік жауапкершілігінің басталуын сипаттаңыз.

123-есеп. “Достық” ауылшаруашылық кооперативі 1996 жылы қантар айында құрылды. Оның құрамына 20 адам кірді. 1999 жылының басында кооперативте 100 бас ірі қара, 50 жылқы, 300 қой, ауылшаруашылық техникасы және де 100 га жер болды. 1999 жылы қараша айында “Достық” кооперативінің төрағасы жергілікті салық инспекциясына шақырылып, онда оған кооперативке 7000 теңге мөлшерде жер салынған, 50000 теңге мүлікке салық, үй жануарларына салық әр сиыр басына- 500 теңге, әр жылқы басына- 700 теңге, ал қойға- 200 теңге мөлшерде және де ауылшаруашылық техникасына салық төлеуі тиіс екендігі түсіндірілді.

- Кооператив төрағасына дұрыс бұл жағдай түсіндірілді ме?
- Бұл құқық қатынас қандай нормативтік актімен реттеледі?
- Ауылшаруашылық товар өндірушілері үшін салық жеңілдіктері көзде ме?

42-НҮСҚА

124-есеп. Ауылшаруашылық кооперативінің мүшесі С. өз жер үлесін несиелену үшін салды. Бұл туралы білген кооператив басшылығы С. азаматтың әрекеті заңға сәйкестігі туралы және оның кооперативте қалуы туралы мәселе көтерді.

- Істі шешіңіз.
- Кооператив мүшелігінен шығару негіздері қандай?

125-есеп. 1995 жылы Ф., кооператив мүшесі өз бетімен кооперативтен шығып, қалаға жұмысқа орналасады. Кооперативтің жалпы жиналысы оны кооператив құрамынан шығарады және оның жанұясына үй маңындағы жер учаскелерін пайдалануына тиым салады. Ф. жанұясы елді мекенде тұратын жұмысшылар мен қызметкерлерге 0,80 га көлемінде жер учаскесін берілуі керек деп, өз бетімен сол жер учаскесінде картоп пен капуста егеді.

Кооператив басшылығы аудан прокурорына жолданады және қылмыстық жауапкершілікке тартып өз еркімен иеленген жер учаскесінен алынған өнімді кооператив пайдасына беруін өтінді.

- Істі шешіңіз.
- Тиісті аумақта тұратын кооператив мүшесі емес азаматтарға берілетін үй маңындағы жер учаскесінің жағдайын сипаттаңыз.

126-есеп. “Лужский” кооперативі колхоз мүшесі П-ні мәдени ағарту жұмысына дайындалуға байланысты курста жіберді. Оқу кезеңдерінде кооператив 6600 теңге стипендия төлеп отырды. Соңғы курсты бітіруіне байланысты ол сүретші мамандығын

алды және сүретшіге сәйкес келетін мамандық беруді сұрайды. Тараптардың келісімі бойынша П-ге курсты бітіргеннен кейін баяншы болу міндетті қарастырылған болатын. Кооператив П-ға сүретші жұмысын бермеді, ал П., баяншы жұмысын атқарудан бас тартады. Кооператив П.-ға оқуға жұмсалған шығынды өтеу және 6600 теңге көлемінде төленген стипендияны толық қайтару жөнінде шағым берді.

- Істі шешіңіз.
- Кооператив мүшелерінің материалдық жауапкершілігінің түрін сипаттаңыз.

43-НҮСҚА

127-есеп. Әкімшілік өкілдері кәсіпкерлік қызметтің заңдылығын тексеру мақсатында аудан көлемінде орналасқан бірнеше шаруа қожалығының қызметін тексерді. Тексеру нәтижесінде анықталғандар: 1) бірде бір шаруашылықтың жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өткені туралы куәліктері жоқ; 2) “Бірлік” шаруа қожалығы “Қандай” фермер қожалығы жер пайдаланушы ретінде мемлекеттік тіркеуден өтпеген; 3) “Достық” фермерлік шаруашылығында ешбір рұқсатсыз бақша дақылдарын өндіру үшін нитрат қолданған.

- Жеке кәсіпкер және жер пайдаланушы ретінде мемлекеттік тіркеуден өтпеудің құқықтық салдары қандай?
- Қандай мемлекеттік органдар және қандай жағдайларда шаруа (фермер) қожалығының қызметін бақылауға құқылы?
- Тиісті рұқсатсыз ауылшаруашылық дақылдарын өсіру үшін нитрат қолданғанына қандай жауапкершілік жүктеледі?

128-есеп. Жол жөндеу кәсіпорнына Қаскелен қаласынан солтүстік жол торабынан ҚР-ның Үкіметінің қаулысымен “Ленинский” кооперативтің 65 гектар жерін тұрақты пайдалануға бекітілді және онда 60 метр жол жиегін орнату және көгалдандыру жүктелді. Құрылыс ауылшаруашылығы кооперативінің жерге қажетті жағдайды жасаусыз және сақтаусыз жүзеге асырылды. Жол жиегі бөгеттерін жасау жобада көрсетілген өндірістік шағыл тастан емес жол жиегіндегі суармалы жерлердің топырағын қопару арқылы жасалған. Осыған орай кооперативтің 15 гектар жері бүлінді. Кооператив басшылығы аудандық әкімшілік басшысына шағымданды.

- Істі шешіңіз.
- Жоғары өнімді ауылшаруашылық жерлерін ерекше қорғау неден көрінеді?
- Жер дауларын шешу тәртібіне сипаттама беріңіз.
-

129-есеп. Қартайған зейнеткерлер, колхоздың бұрынғы мүшелері Ақбершиндер аулалық 0,35 га жер учаскесін пайдаланды. Күйеуінің қайтыс болғанынан кейін Ақбершина аулалық учаскені өңдеуге жағдайы келмеді. 1996 жылы ол өзінің аудан орталығында орналасқан үйінің жартысын трикотаж фабрикасының 4 жұмыскерлеріне жалға берді, олар ол үшін әрқайсысы ай сайын 1000 теңгеден төлеп және аулалық учаскесін өндеп өнімнің жартысын өздеріне қалдыруға келісілді.

1997 жылы колхоздың негізінде қайта құрылған кооператив басқармасы жерді пайдалануға тексеріс жүргізу барысында Ақбершинаның аулалық учаскесін 0,15 гектарға дейін қысқарту туралы шешім шығарды.

Бұндай шешімге келіспей, ол аудандық мәслихатқа шағыммен жолданды.

- Істі шешіңіз.
- Ауылшаруашылық кооперативінің жер пайдалану құқығын сипаттаңыз.

44-НҮСҚА

130-есеп. “Восток” кооперативінің басқармасы кооператив мүшесі Ч.-дан 40 мың теңге өндіріп беру туралы сотқа талап арыз қойды. Мамыр айында Ч.-ға мал азығы қызылшасы егілген жерді өндеуге және сол жердің өнімін жинауға жер учаскесін бекітіп берді.

Азамат Ч. жаз бойы себепсіз жұмысқа шықпады. Егілген учаскені арамшөп басып кетті. Осының нәтижесінде, басқаларға бекітіп берген учаскелерге қарағанда оның учаскесінде қызылша өнімі едәуір мөлшерде аз жиналды. Кооператив басқармасы азамат Ч.-дан еңбек тәртібін бұзу нәтижесінде, өнімнің төмендеуіне кінәлі деп шығынды өндіруді талап етті.

- Істі шешіңіз.
- Ауылшаруашылық кооператив мүшелерінің толық материалдық жауапкершіліктің пайда болудың негізін және ерекшеліктерін атаңыз.

131-есеп. Құс фабрикасын жекешелендіру кезінде, оны эксперимент тәртібімен сату туралы сұрақ қойылды. Соған байланысты еңбек ұжымның мүшелері жекешендіруге қатысуға құқықтары жоқ, ал сатушы тендер нәтижесімен анықталынады.

Еңбек ұжымы құс фабрикасының мүлкінен өздерінің үлесін алудың кепілденген құқығы шектелді деп сотқа шағымданды.

- Істі шешіңіз.
- Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорнын эксперимент тәртібімен сату деген не ?
- Эксперимент бойынша сатылатын мемлекеттік мүліктің тізімін қандай мемлекеттік органдар анықтайды?
- Бұл жағдайда еңбек ұжымының құқықтары қалай қорғалынады?

132-есеп. “Қайсар” шаруа қожалығы орман мелиоративті станциясының кеңсесіне 1850000 теңге көлемінде талап қояды. Талап негізі станцияның кінәсінен қожалықтың егістік жерінің 800 гектарын су алдырып алғанына байланысты келтірілген зиянды өтеуге бағытталған. Сот кеңседен 45700 теңге өндіріп алады, яғни топырақты өндеуге жұмсалған шығын, су алған учаскенің егініне шығындалған тұқымның бағасы, және де салық және сақтандыру төлемі бойынша шығындар өндірілді.

Қожалықтың басшысы сот шешіміне келтірілген шығынның мөлшерін дұрыс анықтамағандығы туралы облыстық сотқа шағымданды және контордан 1850000 теңге өндіріп беруін және нарықтық баға бойынша алынбаған егістік құнын, сонымен қатар ауылшаруашылық өндірістің шығынының құқығын өтеп беруін сұраған.

- Істі шешіңіз.
- Келтірілген зиян қалай өтеледі? Қандай тәртіпте?
- Жер пайдаланушыға келтірілген зиян мен ауылшаруашылық өндірісінің шығыны екеуінің айырмашылығы неде?

45-НҮСҚА

133-есеп. “Победа” кооперативі аудандық әкімшілік басшысына өз жарғысын бекітуді ұсынған. Жарғыда кооператив мүшесі отбасы өз меншігіне төмендегілерді иелене алады деп көрсетілген: сиырды 1 жасқа дейінгі төлімен; мүйізді ірі малдың 2 жасқа дейінгі төлінің біреуін; қой, ешкі, тауық, қоян, ара-20-ға дейін; 0,20 га жерді.

- “Победа” кооперативінің жарғысы тіркелінуі мүмкін бе?

- ҚР территориясына азаматтар шаруашылығында мал жеке қосалқы шаруашылығы нормасы кіммен бекітіледі?
- Ауылшаруашылық кооперативінің жарғысы кіммен бекітіледі? Кооператив мүлкінің құқықтық режимі мен азаматтардың жеке қосалқы шаруашылығының мүлкін сипаттаңыздар?

134-есеп. “Звезда” кооперативінің М., деген жүргізушісі сүттік-товарлы фермасына жем-шөптің құнарлығын жоғарлататын концентратты жеткізуі тиіс еді. Жолда автомашинасы сынып қалады. М., жөндеу жүргізіп жатқанда жаңбыр жауып, концентраттар бүлініп қалады. Кооператив басшылығы М.,-дан 2130 теңге ұстап қалады. Себебі, бүлінген концентраттар жем –шөпке керекті құнарлықты бере алмады, соның нәтижесінде сүттің маңызы төмендеді деп түсіндіреді. Азамат М.-дан алынбай қалған сүттің құны ұсталынады. Кооператив басшылығының шешімімен келіспей М. сотқа шағымданды.

- Істі шешіңіз.
- Ауылшаруашылық кооперативінің мүшелері мен оның жалданушы жұмыскерлерінің материалдық жауапкершілігінің болуының ерекшеліктері мен шарттарын атаңыз.

135-есеп. Қытай азаматы мүліктік кешен ретінде ет комбинаты қойылатын аукционның жүргізілетіндігі туралы біліп, қатысуға шешім қабылдайды. Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорнын жекешелендіруде ҚР-ның заңдары бойынша оның қатысуға құқығы жоқ деген себеппен жекешелендіру Департаменті Қытай азаматының өтінішін қабылдамайды.

- Дауды шешіңіз.
- Ауылшаруашылық жекешелендіру қандай нормативтік актілермен реттеледі? Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорнын жекешелендіруде ҚР-ның азаматтының басым құқығы қандай реттерде қамтамасыз етіледі?
- Осы жағдайда жекешелендірудің объектісі мен субъектілерін атап көрсетіңіз.

46-НҮСҚА

136-есеп. “Дулатова” және “Амангелді” ауылшаруашылық кооперативтері арасында жер пайдаланудың шекаралары туралы дау туады. Біріккен жиналысқа қатысушы осы екі ауылшаруашылық кооперативінің басшылығы екі кооперативтің де шекарасын жер пайдаланудың шекарасын өзгерту туралы біріккен шешім қабылдайды және аудандық аға жер ұйымдастырушысына екі кооперативтің жер пайдалану шекарасына өзгеріс енгізуді ұсыныс етеді.

Аға жер ұйымдастырушы ұсынысты заңсыз деп есептеп шешімді орындаудан бас тартады.

- Аға жер ұйымдастырушының әрекеті дұрыс па?
- Ауылшаруашылық жер пайдаланушыларының жер пайдалану шекараларына өзгеріс енгізу тәртібі қандай?

137-есеп. Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорынның жұмысшысы Жұмабаев К. кәсіпорыннан кетіп шаруа қожалығын құруды шешті. Кәсіпорыннан шығу және жер учаскесін бөлу туралы өзінің өтінішімен ол кәсіпорынның әкімшілігіне жолданады. Бірақ кәсіпорын әкімшілігі оның кәсіпорыннан шығу туралы өтінішін мен шаруа қожалығын жүргізу үшін жер учаскесін беруден бос жердің жоқтығын негіздеп, бас тартады.

- Жұмысшы мен қызметкердің жұмыстан шығу тәртібі қандай?
- Шаруа қожалығын құру тәртібі қандай?
- Шаруа қожалығын құрудың бас тартуына шағымдану тәртібі қандай?
- Бос жер учаскесі бар екендігі туралы мәліметті жасырғаны үшін лауазымды тұлғалар жауапкершілікке тартылады ма?

138-есеп. “Вперед” кооперативінің бригадирі Л., кооперативтің тракторымен рұқсатсыз жеке өзіндік қосалқы шаруашылықтың қажеті үшін ағаш отын дайындауға кетеді. Жолда ол тракторды сындырып алады және тракторды істен шығарады. Кооперативке кінәлі Л. әрекетінен келтірілген зиян 3390 теңге құрады. Тракторды жөндеуге колхоз 2210 теңге жұмсады. Залалдың қалған сомасы жөндеу кезінде жұмыссыз тоқтап тұрған машинаға кетеді. Кооператив басшылығы Л.-дан 1000 теңге өндіріп алады. Кооператив басшылығының шешіміне прокурор наразылық білдіреді.

- Істі шешіңіз.
- Кооператив мүшелерінің толық материалдық жауапкершілігінің түсуінің шарты мен ерекшеліктерін атаңыз.

47-НҮСҚА

139-есеп. Жер ресурсын басқарудағы аумақтық органның шешімімен “Алға” шаруа қожалығының 50 гектар суармалы жері суарылмайтын жерлердің қатарына ауыстырылады, және де “Бірлік” кооперативіне тиесілі 100 гектар жыртылған жер жайылымға кіргізіледі. Шаруа қожалығының басшысы және “Бірлік” кооперативінің төрағасы жерге орналастыру органының шешімімен келіспей, аудандық әкімшілігінің заң бөліміне кеңес алуға келеді.

- Туындаған дауға заңды кеңес беріңіз.
- Ауылшаруашылық алқаптары дегеніміз не, олардың ерекше қорғалуы қалай қамтамасыз етіледі?

140-есеп. Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорны шаруа қожалығына 3 жылға 50 гектар шөп шабатын жерді шаруа қожалығы бұл кәсіпорынға жыл сайын 4 бұзау беріп тұру шартында береді. Прокурор бұл шешімді заңсыз деп наразылық білдіреді.

- Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорнының жерге деген мемлекеттік меншікті қорғаудағы міндеті неден тұрады?
- Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорынның құқықтық жағдайын сипаттаңыз.
- Істі шешіңіз.

141-есеп. “Сеятель” кооперативі аудандық әкімшілік басшысына Жарғысын ұсынады. Онда: “Кооператив Жарғысымен белгіленген нормадан тыс малды ұстауға тыйым салынады. Жарғыдан тыс артық мал кооператив басшылығымен құны бойынша оның бағасының 50 % төлеуімен алынады” – делінген.

- Осы жарғы тіркелуі мүмкін бе?
- ҚР аумағында азаматтар жеке қосалқы шаруашылықта малды ұстау нормасы қандай және кіммен анықталады?

48-НҮСҚА

142-есеп. Ауылшаруашылық кооперативіне қарасты малы “Заря” кооперативінің 5 гектар алаңының бидай егініне жайылып жіберілген. Тексеру барысында ауылшаруашылық кооперативінің мүшесі А.-ға жайылымдағы кооперативтің бір табын малы тапсырылған. Ол спирттік ішімдікті пайдаланып ұйықтап қалғанда, егістікке зиян келтірілген.

“Заря” кооперативі ауылшаруашылық кооперативінен осы учаскедегі сатылу құны бойынша жиналмаған егіннің бағасын шығарып, егістікке келтірген шығыны үшін айыппұл өндіріп беру туралы сотқа шағымданады.

- Істі шешіңіз.
- Егістікке келтірілген зиян үшін қандай жауапкершілік тағайындалады?
- Осы жағдайда жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?
- “Заря” кооперативіне келтірілген шығын қандай тәртіпте, қалай өтелуі керек?

143-есеп. Азамат Петров асыл тұқымды мал өсіру мақсатымен шаруа қожалығын құруды шешіп аудандық маслихатқа өтініш жолдады. Бұл өтінішті Мәслихат төрағасы қарап, Петровтың жалғыз өзі шаруа қожалығын құра алмайды және тұқымды мал өсіру тек уәкілетті мемлекеттік органның келісімімен ғана жүргізіледі деген негізде өтінішін қабылдаудан бас тартады.

- Барлық сұрақтарға түсінік беріңіз.

144-есеп. “Восход” кооперативінен 4 гектар жеміс ағаш бар бақша учаскесі магистральді труба жолы құрылысын салу үшін алынады. Кооператив басшылығы алынған учаскіге жеміс ағашын бағалауына келіспейді. Осыған байланысты кооперативке шығынды өндіру мөлшері туралы мәселе бағалау комиссиясымен сотқа қарауына беріледі. Сотта “Восход” кооперативінің төрағасы жер учаскесін алып қоюмен келіспейтінін, оның негізсіз екендігін және жеміс ағашының құнын бағалау комиссиясының оның бағасын анықтауда тек ағашты отырғызу, қарау және өсіруді ғана есепке алып, ал, болашақта жиналатын жемісінің құнын ескермегендігі туралы хабарлайды.

- Істі шешіңіз.
- Ауылшаруашылық жерін ауыл шаруашылық емес қажеттілік үшін алудың негізі және тәртібі қандай, сонымен қатар ауылшаруашылық жер пайдаланушыларға шығынды өндіру қандай?

49-НҮСҚА

145-есеп. Ауылшаруашылық шағын кәсіпорны сотта Ш. Және С. Деген колхозшылардың әрқайсысынан жоғалған малдың құны ретінде 3000 теңге өндіріп беру туралы талап қояды. Яғни оның Ш.-жұмысшысы малмен айналыса жүріп және С. Ферманың күзетшісі бола отырып бір-біріне малды есепсіз берген. Жүргізілген тексеру барысында 30 бас жеткіліксіз екендігі белгілі болған.

- Сот жауапкерлерінің материалдық жағдайын ескеріп, олардан 1000 теңге өндірген. Прокурор бұл шешімге наразылық білдірген.
- Істі шешіңіз.
- Қандай жағдайда ауылшаруашылық кәсіпорынның жұмысшыларының толық материалдық жауапкершілігі туындайды?

146-есеп. “Айша” шаруа қожалығы мемлекеттік дән ресурсына 100 тонна дән жеткізу туралы шарт жасасады, ал орнына жанар- жағармай материалдармен қамтамасыз етуді және дәннің құнын нарықтық бағамен төлеуді талап еткен.

- Шарттың қандай түрі жасалған? Шартты сипаттаңыз.
- Мемлекеттік дән ресурсы деген не?
- “Айша” шаруа қожалығының басшысының талабы құқыққа сай ма?

147-есеп. “Искра” ауылшаруашылық кооперативінің басқармасының шешімімен мыналар шешілді: 1) 1 гектар айдалған жерлер агротопырақтық сипаттамаға сәйкес келмегендіктен құндылығы төмен жерге ауыстырылуы керек; 2) ауылшаруашылық өндірісін кеңейту мақсатында несие алу үшін 100 га суармалы жерді коммерциялық банкке кепілге беру шешілді және де 15 гектар жерді кәсіпкер С.-ға 4 жылға ақысыз пайдалануға беруді шешті.

- Кооператив басшылығының шешімі негізді ме?
- Жалпы жер пайдалану құқығына билік жүргізуді жүзеге асыру ерекшелігі неде?
- Ауылшаруашылық алқаптарын бір түрінен екінші түріне ауыстырудың тәртібі қандай?

50-НҮСҚА

148-есеп. Жерге орналастырудың жергілікті органы жерді қолдануда қолайсыз жағдайды жою мақсатында “Назаров” пен “Урожай” кооперативтерінің арасындағы жерді айырбастау бойынша жерге орналастыру жобасын облыстық комитетке бекітуге ұсынады. Жиналысқа “Урожай” кооперативінің төрағасы қатысып, “Урожай” кооперативіне бұл жоба танысуға берілмегендігі және кооператив жерге орналастыру жұмысын жүргізу үшін қажетті қаражаты жоқ екендігін айтып жобаны бекітуден бас тартуын сұрайды.

- Істі шешіңіз.
- Жер пайдаланушылардың құқықтық жағдайының ерекшелігі неде?

- Кооператив территориясына жерге орналастыру жұмысын жүргізу тәртібі қандай және кімнің есебінен жүргізіледі?

149-есеп. “Тельман” кооператив басшылығы азамат Г.-ға жұмыстағы ақауы үшін қатаң сөгіс береді. Сонымен бірге кооператив басшысы Г.-ны сыйлықтан айырады және Г.-ның кінәлі әрекеттінен келтірілген зиянды біртіндеп өндіру үшін еңбектік айлық жалақысының 2/3 бөлігін ұстауды қаулы етеді.

- Кооператив басшылығы дұрыс әрекет жасады ма?
- Кооператив мүшелерінің материалдық жауапкершілігінің шартын атаңыз?

150-есеп. “Достық” фермелік қожалығының мүлкінен бөлу кезінде дау туады: қожалық басшысы қожалықтың құрамынан шыққан Н.-ның үлесін беруден бас тартады. Себебі, оның үлесі (шынайы түрде жер учаскесінің 1 гектар, ауылшаруашылық техникасы) ретіндегі мүлкі қожалықтың қызметіне қажетті және қожалықтағы ақша қаражатының болмауынан ақшалай өндіруден бас тартады. Н. сотқа талап қояды.

- Істі шешіңіз.
- Фермер қожалығының мүлкін бөлу және оның мүлкінен бөлу дегеніміз не?
- Фермер қожалығының жер пайдалану құқығы бөлінуге жатады ма? Жатса қандай тәртіпте?